

ҚАЗАҚСТАН (ҚАЗАҚ ЕЛІ) ТАРИХЫ

Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық
жүйелер қыспағында

3-кітап

Оқулық



ҚАЗАҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
БАСПАҒЫ

ҚАЗАҚСТАН (ҚАЗАҚ ЕЛІ) ТАРИХЫ

ТӨРТ КІТАПТАН ТҮРАТЫН ОҚУЛЫҚ

Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық
жүйелер қыспағында

3-кітап

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі
оқулық ретінде бекіткен

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

**§ 1. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның
ішкі саяси жағдайы**

ХIX ғасырдың бірінші онжылдығы Кіші жүз үшін қиындықтарға толы болды. XVIII ғасырдың соңғы ширегінде Орынбор губернаторы О. Игельстромның Даладағы шекаралық сот пен жаза туралы реформасын енгізудегі бірінші тәжірибесі ақталған жоқ. Ресей билігі Кіші жүзді басқару кезеңінде хандық жүйеге қайта оралды. Жиырма жылдың ішінде (1790-1810 ж.) Кіші жүзде 4 хан ауысты: Ералы (1790-1794 ж.), Есім (1794-1797 ж.), Айшуақ (1797-1805 ж.), Жантөре (1805-1809 ж.). Осы хандардың қазақ халқына ешқандай беделі мен ықпалы болған жоқ, сонымен қатар олар төреші болып, шекара, ішкі-сыртқы мәселелерді, халық арасындағы алауыздықты шешуде кепіл бола алмады. Бұл жағдай Ералы мен Жантөре хандарының өлімдерінен кейін байқалды. Осыдан кейін хан тағы үшін тартыс пен ел арасындағы араздық күшейе түсті. Орынбор губернаторы Г.С. Волконский: «Даладағы тәртіпсіздік пен жаппай бұзылу» бұрын-соңды мұндай әбігерлік туғызып, төмен дәрежеге түспегенін айта отырып, қазақтар «жаппай ұрлықпен айналысатын болды, сыртта ұрлық жасамаса да, өзара ішкі ұрлық жасайтын болды», – деп атап өткен¹². Қаруланған қазақ жасактары Далада бірін-бірі өзара қырып-жойып, бір-бірлерінің малдарын айдап жатқаны туралы Орынбор губернаторы Сыртқы істер министрі К.В. Нессельродеге хабарды жеткізіп отырды¹³. Сонымен қатар табиғи жойқын апаттар (1795-1796 жылдар аралығындағы жұт, 1803 жылдан бастап 1808 жылға дейін егіннің шықпауы) қазақ халқының экономикалық жағдайына кері әсерін тигізді. Қазақ халқының шекаралық башқұрт қатарына өтуі мен казак қыстақтарында жұмысқа жалданулары экономикалық құлдыраудың айғағы болды. Қазақтар кедейшіліктен өз балаларын Хиуаға, шекаралық шектегі орыс тұрғындарына сатуға мәжбүр болды.

¹² Император Александрға Орынбор әскери губернаторы Г.С. Волконский таныстырған пікір // Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг.). – М.-Л.: Изд. Академии Наук СССР, 1940. – Т. 4. – С. 218-224. – 543 с.

¹³ ҚР ОММ. – 4-қор. – 1-тізбе. – 1810-іс. – 1-5, 7-8 артқы парақша.

Шиеленіскен әлеуметтік-экономикалық мәселе империяның оңтүстікке жылжуындағы ерекше геосаяси жағдайда болған Кіші жүздің сыртқы саяси дамуына да әсер етті. Біріншіден, Сырдария аумағына қарай жылжыған Қоқан хандығының билеушісіне (1809-1822 ж.) сол жердегі Кіші жүз қазақ рулары (шекті, төртқара) зекет төлеп отырды. Екіншіден, Кіші жүз қазақтарының Хиуа хандығымен қарым-қатынастары ушығып кетті. Билікке келген Хиуа ханы Мұхаммед Рақым (1806-1825 ж.) шекараға жақын қазақ халқына ықпалын күшейту мақсатында қазақ рулары шекті, төртқара, шөмекей қоныстарына жиі шабуыл жасап отырды. Сонымен қатар ортаазиялық билеушілер қазақ ақсүйектері мен Ресей әкімшілігінің арасын алшақтатуға тырысты, яғни Ресейден гөрі қазақ хандары мен сұлтандарына үлкен жеңілдікті уәде етті. Қазақтардың бөлініп кетуі мен қазақ хандарының ортаазиялық өңірге қоныс аударуы Ресей билігіне әрдайым қауіп-қатер төндіріп тұрды.

Мұндай шиеленіскен жағдайда көптеген мәселелер аймақтық әкімшіліктің көзқарасына байланысты болды. Орынбор губернаторы Г.П. Эссен (1817-1823 ж.) мен Орынбор шекаралық комиссиясының төрағасы Г. Веселицкий (1817-1820 ж.) бұл жағдайдың себебін Серғазы ханның (1812-1824 ж.) әлсіз билігімен байланыстырып, Кіші жүз қазақтарының экономикалық-әлеуметтік мәселелері беделді сұлтан Арынғазы Абылғазиевтың Кіші жүз ханы ретінде сайлануымен шешілер еді деп пайымдады. Сонымен қатар «хан кеңесіне арналған ережені» бұза отырып, олар Арынғазыны хан кеңесінің төрағасы етіп тағайындап, сұлтандар мен старшындарға оған Орынбор әкімшілігінің демеу болуын ашық көрсетіп жариялады.

Бірақ 1820 жылы 19 ақпанда Азиялық комитет отырысында Далаға қандай да бір реформаларды енгізу «үлкен ретсіздік пен толқуларға» әкеледі деген үреймен П. Эссенің ұсынысынан бас тартып, тек заң жүзінде сайланған ханның күші шекаралық шеп пен қазақ қоныстарында тыныштық пен бейбітшілікті сақтайды деген шешім қабылдайды. Серғазы хан Кіші жүздің ханы ретінде Орынбор шекаралық комиссия мекемесінен арнайы шенеунікті жанына тағайындауы хандық биліктің күшеюі мақсатында қолданылатын әдістердің бірі болып есептелді. Бұл шенеунік пристав деп атанып, оның қарамағында «қалмақтарға ұқсас», дәлірек айтқанда, «қазақ жасақтары мен конфиденттер» штаты болған¹⁴. Пристав ханға қарап, оның билігін шекаралық үкімет бекітетін болды¹⁵.

Орынбор шекаралық комиссиясының төрағасы приставқа арнап шығарған нұсқауға сәйкес Ресей билігінің алдағы жоспарында Кіші жүздің импе-



¹⁴ Конфиденттер – құпия агент, сенімді тұлға. Приставтың танымал конфиденттерінің бірі Мухамет-Рахим Долгоаршинов болды.

¹⁵ КР ОММ. – 4-кор. – 1-тізбе. – 263-іс. – 4-парақша.

рияға бойұсынуы мен орыс жасақтарының Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азия аумақтарына жылжу мүмкіндігіне демеу бола алатындығын анықтау оның міндеті болды. ҚР орталық мемлекеттік мұрағатында сақталған деректерге сәйкес 1820-1822 жылдары Серғазы хан кезінде әскери қатар басқарушы Карсаков пристав болған. 1822 жылы 12 тамызда ханның қонысына жана пристав Александр Захарьевич Горихвостов келді¹⁶.

Сонымен қатар Орынбор шекаралық комиссиясы XIX ғасырдың 20-жылдарын Кіші жүз қазақ руларының арасындағы талас-тартыс пен қактығыс уақыты деп бағалап, жеке рулардың ханның қонысына басып кіру қаупі төніп тұрғанын ескерткен.

1811-1822 жылдары Орал, Ілек, Қурайлы және Бердянка өзендерінің арасында Новоилецк шебі пайда болды. Нәтижесінде табын және жағалбайлы рулары қысқы қоныстарынан айырылды (600000 десятинадан астам жер). Осы жағдай табын старшыны Жоламан Тіленшінің жетекшілігі кезінде наразылықтардан туған қозғалыстарға себеп болды.

Көтерісшілердің басты талабы Ілек пен Оралдың арасындағы жерлерді қайтару еді. Серғазы хан қазақтардың талаптарын қорғай алмай, Даладағы орыс жасақтарына қарсы тойтарыс бере алмады. Жоламан Тіленші Серғазы хан етіп сайланғаннан кейін қазақтар ешқандай «пайда мен береке» көрген жоқ деп бекер айтпады. Жоламан Тіленшінің жасақтары Бердянка аумағындағы орналасқан хан қоныстарына басып кірді. 1822 ж. 1 желтоқсанда жағалбайлы руының қазақтары ханның табын-табын жылқыларын айдау кезінде ханның ұлы Ышғазыны өлтіреді.

Осы оқиғадан соң Орынбор әкімшілігі хан мен оның отбасын әр түрлі казак руларынан немесе Қаратай мен Арынғазы сұлтандарының қолдаушыларынан қорғау мақсатында приставқа табыстайды.

1821-1824 жылдары Новоилецк бойындағы бекіністер мен форпосттарына қазақтардың шабуылдары күшейді. Сол шабуылдарда жылқыларды айдап салумен бірге қазақтар мен Іле тұз өндірісінің жұмысшыларын, орыс тұрғындарын тұтқынға алып кетіп отырды.

1823 жылы маусым айында Ресей билігі арнайы комиссия құрып, хандық билік институтын қайтадан күшіне енгізуге тырысты. Орынбор генерал-губернаторы П. Эссен Кіші жүз ханы Серғазы (төрағасы), сұлтандар, (әлімұлы ру бірлестігі атынан – Темір Ералиев, жетірудан – Медетғали Тұрдалиев) және байұлы атынан беделді старшын – Есенгелді Янмурзинмен бірігіп құрған «ерекше» комиссияның құрамына Орынбор аймағының мұсылман дінбасыларының өкілдері болып Сейіт жерінің молдасы Абдрахман Мұхаммедшарифов, Орынбор айырбас аула мешітінің молдасы Абдусаттар Сүлейменов пен Орынбор мешітінің ахуны Әбдісәлім Абдрахманов кірді¹⁷. Комиссияның мақсаты – 1821-1823 жылдарда орын алған қазақтардың мал айдауы туралы орыстардан да, қазақтардан да түсетін шағымдарды қарау болды. Комиссия оз жұмысын 1823 жылы қазанда бастады, бірақ ешқандай

¹⁶ А. Горихвостов – Жаяу шляхетск кадет корпусының түлегі (СПб.), 1812 ж. Отан соғысына қатысқан. Қараңыз: Волков С.В. Генералитет Российской империи. Энциклопедический словарь генералов и адмиралов от Петра I до Николая II. – М., 2009. – Том I. – С. 384-385.

¹⁷ ҚР ОММ. – 4-қор. – 1-тізбе. – 269-іс. – 91-парақша.

істі қолға дұрыс ала алмады. Оның себебі «ерекше сенім мен сыйластыққа» лайық болған Сеит жерінің молдасы Абдрахман Мұхаммедшарифов денсаулығына байланысты келе алмауында болды. Серғазы хан комиссия құрамының шешімі әділетсіз болуы мүмкін деп қауіптенді. Сонымен қатар хан комиссия жұмысына қатысатын дін қызметкерлерінің барлығы бірдей әділ бола бермейді, солардың ішінде ахун Әбдісәлім Абдрахманов қазақтарды жақтырмайтындықтан, оларға қатысты мәселелер бойынша «әділетсіз шешім» қабылдай алатынын атап айтқан. Осы күдіктің негізінде шариғат заңдарына жүгініп, шешім қабылдайтын арнайы комиссия құрамының жартысын құраған молдаларға шешімдерін «әділетті» шығаруға ант қабылдатты¹⁸. Дегенмен ханның билігін нығайтуға, шекаралық шектегі руаралық талас-тартыс пен қақтығыстарды тоқтатуға бағытталған комиссия отырыстары ойдағыдай нәтиже бермеді. Комиссия бірде-бір істі қарастыра алмай, өз жұмысын желтоқсанда тоқтатты.

1823 жылы тамыз айында А. Горихвостов Серғазы ханның қонысындағы жұмысты тоқтатып, қазақ көшпенді қоғамының басқару құрылымындағы ханның ролін бақылау негізінде ханның билігі әлсіз және шектеулі деген тұжырымға келеді. Далада жаңа әкімшілік қайта құру қажеттігі приставтың ойымен дәлме-дәл сәйкес келді.

Бақылау сұрақтары:

1. Кіші жүз ханы Серғазы (1820-1823 ж.) жанындағы приставтар ролін түсіндіріңіз.
2. XIX ғасырдың алғашқы онжылдығындағы Қазақ даласының ішкі саяси жағдайын ашыңыз.
3. XIX ғасырдың алғашқы ширегінде жаңа шекаралық шептер (Жаңа Илек, Жаңатроицк): қазақтар мен казактардың қарым-қатынасы.

**§ 2. Қазақстанда ресейлік әкімшілік-саяси жүйенің енгізілуі.
Орта және Кіші жүзде хандық биліктің жойылуы**

XIX ғасырдың 20-жылдарына қарай Қазақстанда әлеуметтік-саяси қайта құруды жүргізуге барлық қажетті жағдайлар жасалды. Бірінші кезекте Даладағы барлық билік институттарын терең реформалау үрдісі басталды. Солардың ішінде қазақ көшпенді қоғамын Ресей империясының құқықтық саласына тарту, аумақтық-әкімшілік басқарудың даму жүйесі мен салық салуды енгізу сияқты реформалар көзделді. Қазақстанда мемлекеттік әкімшілік-аумақтық жүйені құру үрдісі арқылы Ресей билігі Далада өз жағдайын нығайтып, оңтүстік-шығысқа, Ұлы жүз бен Орта Азияға қарай жылжуда тірек базасын құруға тырысты. Кіші жүз бен Орта жүздің әлеуметтік-саяси құрылымына аумақтық-әкімшілік реформаларды енгізудің өзіндік ерекшеліктері болды және ол тек географиялық жағдайға ғана емес, аумақтық-әкімшілік қайта құруларды іске асыру бойынша нормативті-құқықтық актілерді жасайтын аймақтық әкімшіліктердің губернаторларының жеке тұлғаларына да байланысты болды.

¹⁸ ҚР ОММ. – 4-қор. – 1-тізбе. – 269-іс. – 91-176 парақша.

§ 4. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Ресейдің Орта Азиядағы саясаты

XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей мен Хиуа арасындағы қатынастар сауда байланыстарының дамуына қарамастан қиын болды. Себебі қазақ даласындағы ықпал ету аймақтарының шектелуінен еді. Хиуа хандығымен шекаралас қазақ жерлерінің жүз жылдай уақыт Ресей империясының құрамында болғандығына қарамастан Хиуа билеушілері Каспий теңізі бойлай көшіп жүрген қазақ руларына үстемдік орнатуды көздеді. Бұған қоса Сырдың төменгі ағысы мен Арал теңізінің солтүстік жағалауы және Ембі өзені мен Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауы арасындағы кең байтақ далалық кеңістік, іс жүзінде Ресейге де, Хиуаға да қараған жоқ. Бұл аймаққа Ресей бодандығындағы және Хиуа билігіндегі қазақтар қажет жағдайда көшетін болған. Осыдан Хиуа қазақ тұрғындарына өз ықпалын жүргізуге тырысып, қазақ руларын Ресей шекарасынан Хиуа жағына қарай көшуге үгіттеді. Мұны хиуалық билеушілердің қолдауына сүйенген қазақ ақсүйек өкілдері де пайдаланды. Кіші жүз ханы Серғазы (1812-1824 ж.) Хиуа ханы Аллақұлдың (1826-1842 ж.) көмегімен 1824 жылғы реформадан кейін жоғалтылған лауазымын қайтаруға тырысты. Орынбор шекара комиссиясының төрағасы Г.Ф. Генс 1831 жылы 25 сәуірде Азиялық департаментке Серғазы ханның баласы Едігеннің қазақтарды «шепті тастап, діншіл Хиуа жағына өтуге» үгіттегенін баяндаған. 1836 ж. ақпанда хиуалық хан Аллақұл Қайыпғали Ишимов сұлтанға батыс қазақтарының ханы титулын анықтайтын хандық фирманды (жарлық) тапсырды. Қайыпғали Ишимов Хиуадан қазақ даласына оралған соң хиуалық монархтың креатурасы ретінде сөз сөйлеп, өзіне бағынушы қазақтардан Хиуа қазынасына зекет төлеуді талап етті. 1836 ж. маусымда Қайыпғали Ишимов кете руынан зекет жинап, «олардың ауылдарын» әрі қарай Ойыл өзеніне көшіртіп, Хиуаға жақындауға көндірді. Дәл осы сияқты әрекеттер Кіші жүздің ірі руы саналатын шектіге қатысты қолданылды. Орынбор әскери губернаторы В. Перовский 1836 ж. Азиялық департамент директоры К. Родофиникинге хиуалықтардың «өз күштері мен тәсілдерін сынап», қазақтарды бағынушылар деп санап «ордада өз үйіндегідей» басқарылады және «Хиуа шекарасына қарамайтын руларға өз ықпалын жүргізуде», – деп жазды.

Қатынастардың шиеленісуіне хиуалықтардың Орынбордан Бұхараға және кері өткен сауда керуендеріне шабуыл жасауы да ықпал етті. Хиуа билеушілері бұл сауда жолдарына бақылау орнатып, керуендерден баж алуға тырысты.

Хиуадағы орыс тұтқындары мен олардың босатылуына қатысты мәселе екі ел арасындағы қатынастарды едәуір қиындатты. Хиуа ханынан тұтқындардың босатуына келісім ала алмаған орыс үкіметі 1836 ж. Ресейде болған барлық хиуалық көпестерді ұстап, мүліктерін тәркіледі. 1837-1838 жылдары сәтсіз келісімдердің нәтижесінде патша үкіметі өз талаптарының орындалуын әскери күштің көмегімен іске асыруды көздеген соң орынборлық әскери губернатор В. Перовский ұсынған Хиуаға әскери жорықтың жобасы қолдау тапты.

1839 ж. 16 ақпанда Хиуаға әскери экспедицияның дайындығы мен ұйымдастырылуы туралы жоспар бекітілді.

Орынбор әкімшілігі экспедицияның жүру маршрутын, әскери отрядтың жүру жолы бойынша азық-түлік, жем, отынның қорлары мен аралық пунктерді дайындау, экспедиция үшін ат-арба жалдау шараларын жасады.

Жеке орынборлық корпустың командирі, генерал-губернатор В.А. Перовскийдің басқаруымен Хиуа экспедициясы 1839 жылы қарашада басталды. Әскери отряд (жаяу әскердің 3 батальоны және 20 құралды Орал және Орынбор казактарының 3 полкі, барлығы 4 мыңға жуық адам) Орынбордан Ембі мен Үстірт арқылы Кунградқа дейін өтуі керек еді. Мықты аяз, омбы қардың салдарынан отряд Ембі бекінісіне дейін бір айға жуық уақыт жүріп, 3 мыңнан астам түйе жоғалтты. Бұған қоса, жанармай мен жылы киімнің жетіспеушілігінен отряд Ембі бекінісінде қор толыққанша екі жұма аялдады. Алдағы жолда азық-түліктің жетіспеушілігі мен отрядтың жартысының қаза болуы салдарынан Перовский 1840 жылы Хиуа экспедициясын тоқтатуға мәжбүр болды²⁷.

1853 жылы орынборлық губернатор В. Перовский 1839 жылғы Хиуа жорығы барысында жасалған барлық қателікті ескеріп, жаңа жорықты ұйымдастырды. Оның түпкі мақсаты Ақмешіт бекінісін алу болды. Перовский отрядында 12 құралмен қаруланған 2170 адам болды. 2 шілдеде Ақмешіт орыс әскерлерімен қоршалып, жақын арада құлады. Оның орнында Перовский өзінің атымен «Перовский форты» деп аталған бекіністің негізін қалап, Сырдария бекініс шебінің қалыптасуын аяқтады.

Бөкей хандығы: құрылу және басқарылу ерекшеліктері. Бөкей хандығы (Ішкі орда): құрылуы және мәселенің тарихнамасы. 1801 жылдың 11 наурызында I Павел Кіші жүздің Хан кеңесінде төрағалық еткен Бөкей сұлтанына «Орал және Еділ өзендері аралығындағы далаларда» көшіп-қонуына рұқсат берген. 1801 жылы желтоқсанның соңында Орал мен Еділ өзендері аралығына қол астындағы 183 түтін үй немесе 740 адаммен Бөкей сұлтанның өзі қоныстанған. 1802 жылға қарай Астрахань казак әскерінің командирі П.С. Попов мәліметтері бойынша, Бөкей сұлтанның қол астында 8331 адам көшіп-қонып жүрді. Осыдан бастап Астрахань далаларын Кіші жүз рулары мекендей бастаған, мұны негізінен, байұлы (беріш, шеркеш, алаша, байбақты, тана, жаппас, ыссық, қызылқұрт, таз, масқар, ессентемір), жетіру (тама, кердері, табын) және әлімұлы руының кете рулары құрады.

Тарих ғылымында қазақ руларының қоныстануы мен Ішкі орда немесе Бөкей хандығының (алғашқы ханы Бөкей есімімен аталған) құрылу себептері туралы ортақ пікір әлі қалыптаспаған. Революцияға дейінгі авторлардың едәуір бөлігі Ішкі орданың қалыптасуын Бөкейдің жеке тұлғасымен және XVIII ғасырдың соңында Арқадағы әлеуметтік-саяси жағдаймен байланыстырады. А. Евреиновтың пікірінше, қазақтардың Оралдың оң жағына көшуінің себебін сұлтан Бөкейдің «толық тыныштықты тек орыс мемлеке-

²⁷ Гирифельд К-н. Военно-статистическое описание Хивинского оазиса // История Средней Азии: сборник исторических произведений / сост.: А.И. Булдаков, С.А. Шумов, А.Р. Андреев. – М., 2003. – С. 111-113.

тінің қамқор
Бөкей «қан
ден санады
меттік-саяс
лардағы үл
неюі, халы
Ішкі орд
лердің ара
орданың п
жылдарға
ның бір бөл
мен ішкі ж
20-жылдар
күрес идея
ның феодал
Қайыпғали
Тайманов
сына көп
және Исат
лық тудыр
басындағы
1947
лық мемлек
дығының
жағдайдың
рылуы жө
диссертаци
Бөкей
С. Зиманов
меттік-эко
ескілді Б
қалыптасқ
тектілігім
әлеуметтік
лып табыл
1811
ді «Кіші
1812 жылы
«Оралдың
және дал
1812 жылы
салтанатты
зылған жо
(1815 ж.).
сайланды.
дің кіші іні

тінің қамқорлығы астында болатындығынан» іздесе, Т. Медведский сұлтан Бөкей «қандай да бір тәсіл арқылы хандық атаққа қол жеткізуге» тырысты деп санады. Л. Мейер Бөкей хандығының пайда болуын Кіші жүздегі әлеуметтік-саяси оқиғалармен байланыстырды (С. Датұлының 1783-1979 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысы, жайылымдар үшін руаралық күрестің күшеюі, халықтың кедейленуі және т.б).

Ішкі орданың пайда болуының себептерін түсіндіруде кеңестік зерттеушілердің арасында да ортақ пікір жоқ. А. Рязановтың тұжырымдауына, Ішкі орданың пайда болуы – байұлы мен жетіру ұрпақтарының арасындағы көп жылдарға созылған күрестің нәтижесі, нақты айтқанда, «байұлы қазақтарының бір бөлігінің жетірулықтармен ығыстырылуы салдарынан сұлтан Бөкеймен ішкі жаққа қоныс аударып, сонда Бөкей ордасын құрған». XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап кеңестік тарихнамада адамзат қоғамы және таптық күрес идеологиясын таптық көзқарас тұрғысынан зерттеуде қазақ халқының феодалдық езгіге, бодандыққа қарсы күресіне, соның ішінде сұлтан Қайыпғали Ишимовтың наразылық қозғалысы мен Ішкі ордадағы Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісұлы жетекшілік еткен ұлт-азаттық қозғалысына көп көңіл бөлінді. Осыған байланысты В.Ф. Шахматовтың «Ішкі орда және Исатай Таймановтың көтерілісі» атты монографиясы қызығушылық тудырады. Автор Ішкі орданың құрылу себебін XVIII-XIX ғасырлар басындағы Кіші жүздегі шаруашылық-саяси дағдарыспен байланыстырды.

1947 жылы қазақстандық зерттеуші Б. Аспандияров Қазақ КСР Орталық мемлекеттік мұрағатының деректі материалдары негізінде Бөкей хандығының құрылу себептері мен ондағы әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайдың дамуын баяндауда өз пікірін ұстанып, «Бөкей ордасының құрылуы және оның жойылуы» тақырыбы бойынша Алматыда кандидаттық диссертациясын қорғады.

Бөкей хандығына тікелей арналған ірі зерттеу танымал қазақ ғалымы С. Зимановтың монографиясы болды. Ол Ішкі ордадағы қазақтардың әлеуметтік-экономикалық қатынастары шаруашылығының эволюциясына, сол секілді Бөкей хандығындағы саяси-құқықтық жүйеге қатысты ғылымда қалыптасқан көзқарасты сынға ұшыратты. Салық Зиманов Сырымның жетекшілігімен болған халық көтерілісінен кейін Кіші жүзде туындаған қиын әлеуметтік-саяси жағдай Бөкей ордасы құрылуының шешуші факторы болып табылды деп көрсетті.

1811 жылы 11 қарашада I Александр өзінің жарғысымен сұлтан Бөкейді «Кіші орданың ұлы дала және ұлы мәртебелі ханы» атағымен бекітті. 1812 жылы 1 мамырда оған аса маңызды грамота тартылды әрі Бөкей хан «Оралдың арғы даласындағы, сол секілді Оралдың төменгі ағысындағы және далалық Астраханьдағы көшіп-қонушы» қазақтардың ханы аталды. 1812 жылы 7 маусымда орынборлық әкімшілік Бөкейді хан мәртебесіне салтанатты түрде отырғызды. Бөкейдің хандық басқару кезеңі ұзаққа созылған жоқ, бекіткеннен кейін үш жыл өткен соң Бөкей қайтыс болады (1815 ж.). Хандық биліктің заңды мұрагері болып, оның туған ұлы Жәңгір сайланды. Ал ол кәмелет жасына жеткенге дейін орданы басқаруды Бөкейдің кіші інісі сұлтан Шығай Нұралиев атқарды.

Жәңгір хан тұсындағы Ішкі орданы басқару (1823-1845 ж.). 1823 жылы 22 маусымда император I Александр Ішкі орданың ханы етіп Жәңгірді сайлау туралы Сыртқы істер министрлігінің ұсынысын бекітті. 1824 жылы 24 маусымда Орал қаласында Орынбордың шекара басқармасының жоғары шенділерінің қатысуымен Жәңгір хан болып жарияланды.

Жәңгір ханның билеу дәуірі тарих ғылымында революцияға дейінгі (М. Киттары, Н. Троицкий, А. Евреинов, А. Терещенко, П. Небольсин, П. Медвежский, М. Иванин, М.С. Бабаджанов, А. Харузин, А. Алекторов және т.б.), кеңестік (А. Рязанов, М. Вяткин, В. Шахматов, Б. Аспандияров, С. Зиманов және т.б.) авторлармен жеткілікті деңгейде зерттелген.

Жәңгір хан Ішкі орданы басқарудың бірыңғай құқығын иеленіп, басқарудың ерекше аппаратын, яғни сұлтандардан 10 хандық депутатты құрып, олар хан атымен барлық ірі руларда басқару құзыретіне ие болды. Сол секілді хан жанында әрбір рулық басшылықтан бір биден сайланатын кеңес органы – 12 биден тұратын хандық кеңес шақырылып отырды. Кеңес хан ордасында орналасты және одан басқа түрлі тапсырмаларды орындау үшін 12 старшын жасауыл ретінде болды. Олардың барлығын, тіпті, молдаларды хан өзі тағайындады және олар тек ханға ғана бағынды. Жәңгір хан тұсында Бөкей ордасында басқарудың бюрократиялық аппараты құрылып, биліктің хан қолында орталықтандырылуымен ру билеушілері – сұлтандар мен старшындардың атқаратын міндеттері айқындалды. Сот билігі, негізінде, ханның, хан кеңесі мүшелері – билердің және хандық депутаттар – сұлтандардың қолында шоғырланды. Хан өзінің билігімен рулардың көшіп-қонысын бекітті, жерді жеке меншікке таратты.

Ішкі ордадағы басқару жүйесіне енгізілген өзгерістердің арқасында Жәңгір хан хандық билікті күшейтіп, қазақ көшпенді қоғамының әлеуметтік-экономикалық өміріне түрлі инновациялық іс-шараларды ендіре білді. Алдымен, бұл Ішкі ордадағы тұрақты елді мекендерді құру болды: 1827 жылы Жасқуыс мекенінде Хандық орда негізі қаланды. Алғашында, Жәңгір хан император тарапынан сыйға берілген қаржыға бүйірлерінде флигелдері бар ағаштан хандық сарай салғызды. Осы құрылыс маңына ханның туыстары, саудагерлер, орал казактары қоныстанды. 1841 жылдың өзінде Хандық ордада 41, ал 1846 жылы 89 үй салынды.

Колемі бойынша екінші елді мекен болып Хандық орданың солтүстік шығысына қарай Торғын өзені бойында орналасқан Торғын қаласы (жазғы орда) болды. 1846 жылы Торғын қаласында 9-10 үй болды, солардың ішінде 12 бөлмеден тұратын екі қабатты хан үйі тұрды.

Үйлердің салынуы, жартылай отырықшы өмір салтына көшу шаруашылық түрінің өзгеруіне ықпал етті, атап айтқанда, шөп шабу, малға арналған қысқы қоралардың салынуы көшпенділердің шаруашылығында маңызды орын ала бастады. Бір мезетте Жәңгір хан жерге жекеменшік институтын енгізді, яғни хандық билік тарапынан ең шұрайлы жайылым жерлерді ықпалды сұлтандардың, билердің, старшындардың қолдарына бөліп беру тәжірибесі енгізілді. Олар хандық кеңседе 1830 жылдан 1844 жылға дейінгі аралықта формальды түрде ханның арнайы актілерімен заңдастырылған

барлығы
400 мы
манды
кейхаг
иелікте

Нә
қағидат
рінің р
қиында
әкелді.
сауда, п

Қы
және м
Нарын
рылған
дейінгі
кі орда
өмір са
қазақта
ғырлан
дықтар
орталы
билік д
саяси б

Хал
емес, с
айналы
құрады

Сал
Орынбо
да губе
көпесте
қарай Х
1846 ж
үшін 19

Жә
қазақта
болды.
білмей
лерімен
тынды
сауатты
зекте І
мектеп
лыстан

барлығы 1517 акті жинақтаған. Жәңгір хан ресми түрде өзіне ең құнарлы 400 мың десятина жерді иеленіп, сұлтандар Мұсағали мен Шыңғали орманды жерлерде 700 мың десятина, ханның ағасы сұлтан Меңлігерей Бөкейханұлында және атасы Қарауылқожа Бабажанда 400 мың десятина жер иеліктері болды.

Нәтижесінде жеке жер иелену жүйесі қазақтардың жерді қауымдық қағидаты негізінде пайдалануына зардабын тигізді, көптеген шаруалар өздерінің рулық жайылымдарынан айырылып, олардың материалдық жағдайы қиындады. Бұл Ішкі ордадағы наразылық қозғалыстарының туындауына әкелді. Сонымен, Ішкі ордада жер иеленушілер жүйесі қалыптасты, жер сауда, теріс пайдаланушылық және т.б. объектісіне айналды.

Қысқа мерзім аралығында Хандық орда Ішкі орданың әкімшілік, сауда және мәдени орталығына айналды. Осының барлығына себепкер болған Нарын жеріндегі Хандық ордадағы 1832 жылы 29 тамызда ұйымдастырылған жәрмеңке болды. Жыл сайын оларды өткізу мерзімі 9-25 мамырға дейінгі және 14-25 қыркүйекке дейінгі аралықта белгіленді. Жәрмеңке Ішкі орданың Хан ордасы жанында өткізіліп, ол қазақ халқының отырықшы өмір салтының үлгісі болуы тиіс еді. Жәрмеңкенің енгізілуі Жәңгір ханға қазақтарды басқарудың ыңғайлы тәсілі болды. Барлығы бір орында шоғырлануы көпестер тарапынан алдаулар мен жалғандықтар жасауда қиындықтар тудыратындығы сынды тиімді жақтарды көре білді. Ішкі орда орталығында жәрмеңке құрудың рұқсат етілуімен аймақтық және орталық билік далада сауданың ғана дамуын көздеген жоқ, сол секілді қазақ халқына саяси билікті тарату міндеті де маңызды орында тұрды.

Хандық орда жанындағы жәрмеңке тек орыс-қазақ арасындағы ғана емес, сол секілді орыс, Орталық Азиялық сауда орталығына айналып, айналымы XIX ғасырдың 30-жылдарының ортасына қарай 2 млн сомды құрады.

Сатып алушылар Мәскеу, Ярослав, Қазан, Саратов, Самара, Астрахань, Орынбор, Сібір, Тамбов, Воронеж, Нижегородск, Кострома және басқа да губерниялардан ағылып жатты, сондай-ақ Хиуа, Самарқан, Бұхарадан көпестер келіп жатты. С. Зимановтың атап көрсеткеніндей, 40-жылдарға қарай Хандық орда толық мағынасында көпестік ауылдық мекенге айналды, 1846 жылы 89 үйдің 31-і саудагерлерге қарады, 46 сауда орны, тауарлар үшін 19 қоймалық жай да олардың қарамағында болды.

Жәңгір хан қазақ хандарының алғашқыларының бірі болып Ішкі ордада қазақтардың мәдени өмірінің жаңаруына бастамашы және жүзеге асырушы болды. Еуропалық білімі болған Жәңгір хан қазақтар орыс тілін, мәдениетін білмей өздерінің мүдделерін қорғай алмайтындығын және орыс саудагерлерімен, аймақтық әкімшілік шенеуніктерімен келіссөздер жүргізе алмайтындығын жақсы түсінді. Сондықтан да Ішкі орданың басқарма жүйесінде сауатты қазақтарды дайындау ханның білім беру саясатына енді. Бірінші кезекте Ішкі ордада мектеп ұйымдастыру басталды (бастапқы мұсылмандық мектептер), сонымен бірге бағдарламаға рухани пәндермен қатар жаратылыстану және орыс грамматикасы енгізілді. 1835 жылы Хандық ордада

басында ахун болып табылатын мешіт салынды, оның міндетіне мектептердегі молдалардың жұмысын қадағалау кірді.

1841 жылы 6 желтоқсанда Хандық ордада қазақ балалары үшін мектеп ашылды, онда «Мұхаммедтің діни ілімін оқудан басқа басты пәндер санатында міндетті түрде орыс тілі, арифметика, география, тарих және басқа да ғылымдар болды». 1841 жылы мектепте 30-40 бос орында 12 ұл бала оқыды, ал 50-жылдары 30 адам оқыды. Оның шақыртуымен мектептің меңгерушісі және бірінші мұғалімі Константин Ольдекоп болды. 1841 жылғы 6 желтоқсандағы №1848 нұсқаулығында Жәңгір былай деп жазды: «... Сізге оқушылардың жүріс-тұрысы мен әр қылықтарына қадағалау орнатуыңызды, олардың міндеттерді орындатқызуда орыс оқу мекемелерінде орын алатын іс-шараларды қолдануға рұқсат етіп тапсырамын...»²⁸. Жәңгір хан құрған мектеп қазақ интеллигенциясының алғашқы шоғырының қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Көбінесе осы мектеп түлектерінің Орынбор кадет корпусына түсуге мүмкіндіктері болды және Островскийдің пікірі бойынша: «Білімді және өте пайдалы шенеуніктер мен азаматтар тобын» құрады. Сонымен, 1825-1866 ж. Орынбор кадет корпусын 37 қазақ оқып бітірді, соның ішінде қазақ балаларының басым көпшілігі Ішкі ордадан болды (14 адам).

Ең бір жарқын түлектердің бірі Мұхаммед-Салық Бабажанов болды (1832-1898 ж.). Ол Ықтиярлы орыс экономикалық қоғамының мүшесі, ОГҚның мүше-қызметкері болды, осы қоғамдардың «Известия», «Жазбалар», «Этнографиялық» жинақтарында бірқатар ғылыми еңбектерін жариялады. М.-С. Бабажанов «Этнография бөлімі» еңбектеріне бастапқы қолғабыс және қырғыздардың тұрмысы мен түрлі этнографиялық құралдар жайлы мақалаларды жеткізгендігі үшін ОГҚ күміс медалімен марапатталған алғашқы қазақ зерттеушісі болды.

Жәңгір хан Ішкі ордадағы қазақ ер балаларының тек орынборлық кадет корпусында ғана емес, сол секілді жоғары оқу орындарына түсуге құқық беретін губерниялық гимназияларда оқуларына мүдделі болды. Жәңгір хан мен аймақтық әкімшілік арасында Астрахань гимназиясына, Қазан университеті жанындағы 1-інші Қазан гимназиясына қазақ ұл балаларын орналастыру туралы хат алмасулары сақталған. Жәңгір хан өзі Қазан университетіне барған кітапхана қорымен танысып, университеттің ғалымдарымен шығармашылық ынтымақтастықты дамытты. Нәтижесінде 1844 жылы 29 мамырда Қазан университетінің ғылым кеңесі Жәңгір ханды университеттің материалдық базасының дамуына сіңірген еңбегі үшін құрметті мүшесі ретінде қабылдайды. Штаттағы профессор Карл Фукс атап өткендей: «...1844-1845 жылдары ішкі Қырғыз ордасының ханы Жәңгір Бөкейге 598 күміс сомға бағаланатын араб, парсы және түрік тілдеріндегі алты қолжазбаны сыйға тартты».

Бөкей хандығының мәдени өмірінде атап өтетін ерекше құбылыс қатарына қазақ қолөнершілерінің жоғары шеберлігі туралы куәлік ететін өте

²⁸ Евсинов А. Внутренняя или Буксевская, киргиз-казачья Орда // Журнал для чтения воспитанникам военно-учебных заведений. – 1852. – №379. – С. 338-370.

сирек жә
да әскери
«қару-жар
20 ж
майор ше
Анна орда
марапатта
дейін көп
мұрагерлі
болды. Ж
Сақыпкер
княздық а
лекеттік а
луы үшін
жағдайды

Ішкі

1854 жыл
кейхан (18
пен басқар
(оның туға
Нұралыхан
шісі, полк
тінде болы
ды, олар с
алдымен, о
нің хабарш
былған жо
қарды; сапа
тібі кеңес қ
төрағасы бо
1862 ж.). Қ
екі кеңесші
бойынша У
шараларды
шілік бөлік
ғын, Талов
округтері. Б
оларды әске

Соныме
әкімшілік
енгізу бойы
1878 ж
бернаторына
негізінде ең
берниясын
тері мен төм

сирек жәдігерлерді («азиялық сауыттар, дулығалар, шынтактық және басқа да әскери сауыт-саймандар) жинақтай білген алғашқы Қазақ мұражайы – «қару-жарақ бөлмесі» жатқызылады.

20 жылдан аса билік құрған Жәңгір хан орыс қызметінің генерал-майор шеніне дейін көтеріліп, императорлық негізі бар I-дәрежелі әулие Анна орденімен және гауһар тастармен әшекейленген қылышпен және т.б. марапатталған. 1845 жылы 11 тамызда Жәңгір хан қаза болды. Қаза боларға дейін көп бұрын Жәңгір хан хандық атақты өзінің үлкен ұлы Сақыпкерейге мұрагерлікке тапсырған. Ол әкесі өлгеннен кейін хандық таққа отыруы тиіс болды. Жәңгірдің бұл өсиетін өз кезінде патша билігі мақұлдаған болатын. Сақыпкерей Петербургтегі Пажеск корпусында тәлім-тәрбие алған. Ол княздық атаққа көтеріліп, Шыңғыс аталған. Алайда орыс үкіметі орыс мемлекеттік аппаратының тікелей әкімшілік-аумақтық жүйесіне бағындырылуы үшін Ішкі ордада хандық билікті жою үшін қажетті әлеуметтік-саяси жағдайдың қалыптасқанын түсінді.

Ішкі орданы басқару бойынша Уақытша кеңес. 1846 жылдан 1854 жылға дейін Ішкі ордада Жәңгірдің үлкен ағасы сұлтан Әділ Бөкейхан (1804-1876 ж.) жаңадан құрылған институттарды Уақытша кеңеспен басқарды. Ішкі орда құрамына үш кеңесші кірді, соның екеуі – қазақ (оның туған ағасы Меңлігерей Бөкейхан және оның әкесінің ағасы Шоқа Нұралыхан) және Мемлекеттік мүлік министрлігі тарапынан орыс кеңесшісі, полковник С.М. Матвеев. Кеңестің міндетіне бұрын ханның құзыретінде болып келген істер кірді. Қазақтар арасынан кеңесте депутаттар болды, олар сайланбады, кеңеспен тағайындалып отырды. Бұл лауазымды, алдымен, орыс мектептерінде білім алған тұлғалар иеленді. Кеңестің өзінің хабаршылары болды, олар бұрынғыдай жеке рулардың өкілі болып табылған жоқ, тек пакеттерді тасу және кінәлілерді жеткізу үшін қызмет атқарды; сапарларда шенеунік тұлғаларды алып жүрді. Осындай басқару тәртібі кеңес қайта құрылған 1858 жылдың 24 қаңтарына дейін жалғасты. Кеңес төрағасы болып орыс шенеунігі, полковник К.И. Герн тағайындалды (1859-1862 ж.). Кеңес құрамына төрағадан басқа екі орыс кеңесшісі, қазақтардан екі кеңесші кірді. 1860 жылдан 1862 жылға дейін Бөкей ордасын басқару бойынша Уақытша кеңес әкімшілік бөлу мен орналастыру бойынша іс-шараларды ұйымдастырумен болды. 1860 жылы Ішкі орда аумағы жеті әкімшілік бөлікке бөлінді, олардың әрқайсысы ағалыққа бөлінді: Қалмақ, Торғын, Таловск, Қамыс-Самарск, Нарын, 1-інші және 2-інші Теңіз жағалауы округтері. Әрбір бөлімнің басында билеушісі мен оның көмекшісі тұрды, оларды әскери губернатор тағайындаған.

Сонымен, XIX ғасырдың 50-жылдарының соңына қарай аймақтық әкімшілік Ішкі ордада оны Ресей империясының ортақ басқару жүйесіне енгізу бойынша іс-шараларды белсенді жүргізіп жатты.

1878 жылы 16 шілдеде Бөкей ордасы басында Орынбор әскери губернаторына, одан кейін Орынбор генерал-губернаторына қараған тәртіп негізінде енді Астраханьдық губернаторға бағынатын болды. Астрахань губерниясының құрамында Бөкей ордасы жоғарыда аталған әкімшілік бөліністері мен томенгі басқару желісімен Қазан революциясына дейін сақталды.

Бақылау сұрақтары:

1. Ресей саясатының ортаазиялық аймақта күшеюінің себептерін түсіндіріңіз.
2. Ресейдің Бұхара және Хиуа хандықтарына жіберілген дипломатиялық миссиялары туралы мәлімет беріңіз.
3. Орынбор өлкесінің әскери губернаторы В.А. Перовскийдің қызметіне баға беріңіз.
4. Ішкі орданың құрылуы: себептері, геосаяси орналасуы.
5. Ішкі орданың құрылуына байланысты пікірлерді ашып көрсетіңіз.
6. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Ішкі орданың социо-мәдени дамуындағы Жәңгір ханның рөлін көрсетіңіз.



§ 5. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы

Жоламан Тіленшіұлы бастаған қазақ халқының көтерілісі. XIX ғасырдың 20-30 жылдары Кіші жүздегі қоғамдық-саяси жағдайдың күрделенуі, патшалық Ресейдің жаулап алу саясатын жеделдетіп, қазақ қоғамында өзгерістер енгізуде ортаазиялық хандықтардың басқыншылық саясатының негізінде түсіндіріледі. Бұл кезеңдегі халық наразылығы жергілікті толқуларға ұласып, ірі көтеріліс ошағына айналды.

Осы кезде патшалық отарлаушылардың өмір сүріп отырған жерінен ығыстырылған Жаңа Елек мекеніндегі табын руының қазақтары Жоламан Тіленшіұлы бастауымен, қолдарына қару алып, көтеріліске шықты. Көтерілістің ерекше кең өріс алған кезеңінде 1835 жылы шекаралық күзет орны мен бекіністердің күйреуі, хандар мен сұлтандардың тонаушылық әрекеттері шешуші шаралар қолдануға мәжбүрледі. Бірақ қанаушы әскерлермен болған қақтығыстардың салдарынан Жоламан Тіленшіұлы туған мекенінен кетіп, үш жүзді қамтыған Кенесары Қасымұлы бастаған ірі көтеріліске қосылады.

Жоламан Тіленшіұлы – қазақ батыры, XIX ғасырдың 20-30 жылдары Кіші жүздегі қазақтардың азаттық жолындағы күресін басқарушы. Көрнекті қазақ ғалымы, тарихшы Е.Б. Бекмаханов «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты монографиясында Жоламан Тіленшіұлы мен Саржан Қасымұлы бастаған көтеріліс тарихына «Саржан мен Жоламанның стихиялық қозғалысы (20-30 жылдар)», («Стихийное выступление Саржана и

Жоламан
атты
Бұл
Қасым
жарш

К
лымд
тұз к
аудан
тұзы
ніс к
шепті
«Орал
жақсы
ге Рес
налас
ығыст
ды»²⁹

А
сып, С
лісім
қарул
хында

Ж
көздер
Қазақ
ның М
еңбегі
қорлар
де бір
1938 ж
ғы ата

18
сұлтан
Жоламан

²⁹ Бекмаханов
³⁰ Граф Илья
генерал-лейтенант
19 қаңтар
пұсының
болып та
³¹ Қаратөле
Әбілқайыр
Кіші жүз
далды. І
лік үшін
Орданың
азаттық

күресті тоқтатты. Бірақ Сырдарияның төменгі ағысына бекініс құрылысы жұмыстары мен казактардың отарлау шараларын ұйымдастыруынан кейін қария батыр орыс әскерлеріне қарсы қозғалыс бастайды. 1856 жылы желтоқсан айының ортасында Жанқожа жасағында отаршылдық саясатқа қарсы наразылық көрсеткен қазақтар саны 1500-ге жетті. Желтоқсанның соңына қарай қазақтар Қазалы бекінісін қоршады және бірігіп шайқас жүргізуге байланысты хиуалықтар мен Есет әскерлерімен келісім жүргізді.

1856 жылдың желтоқсанында Ақмешіттен генерал Фитингоф бастаған 300 казак, 320 жаяу әскерден құралған жазалау отрядтары аттанады, оның ішінде 54 зеңбірекпен, ракеталық станокпен қаруланған. 1857 жылы Жанқожа әскерінің құрамына 5 мың көтерілісші қатысты, санының көптігіне қарамастан 9 қаңтарда қысқа және қантөгісті шайқаста қазақтар жеңіліс тауып, Хиуа территориясына қарай шегінді. Қазақ ауылдары қатаң репрессияға ұшырады.

Патша әкімшілігі сырдариялық қазақтардың көтерілісі басылғаннан соң Жанқожаның көзін құрту үшін жазалау отрядын жібереді. 1860 жылы Қызылқұмдағы Джакаринское өзеніне жақын аймақта жазалау отряды Жанқожа ауылын қоршап алады, 80 жастағы батырды өлтіреді, ауыл тоналып, 130 түйе, 115 жылқы, 210 ірі қара, 2234 қой айдап әкетілді.

Арал бойындағы қазақтардың көтерілісі жергілікті халық қозғалысы болды, бұл көтеріліске отаршылдық езгіге қарсы қазақ руларының көптеген бөлігі қатысты.

Бақылау сұрақтары:

1. Мирослав Хроха еңбегі (Ориентация в типологии. – Прага, 1996) бойынша Қазақстандағы ұлттық қозғалыстар фазаларын ашып көрсетіңіз.
2. Ресей империясының джадидтік қозғалысының негізін қалаған Исмаил бей Гаспринскийдің негізгі идеяларын талдаңыз.
3. XX басындағы Ресей империясы түркі халықтарының этникалық санасының дамуындағы ұлттық тілдердегі мерзімді басылымдар («Қазан мухбире», «Вакт», «Хаят», «Шуро», «Айқап», «Қазақ» және т.б.) рөлін ашып көрсетіңіз.
4. Ресей империясы түрік-мұсылман халықтарының ұлттық қозғалыстарының дамуындағы мұсылман съездерінің (1905-1907 ж.) рөлін көрсетіңіз.
5. XX ғасыр басындағы тарихи әдебиеттің даму ерекшелігін талдаңыз (Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз һәм қазақ хандары шежірелері. – Орынбор, 1911; Валиди Дж. Түріктер мен татарлар тарихы. – Қазан, 1912).
6. Мұсылман қамқорлық көрсету қоғамдары қызметінің бағыттарын айқындаңыз: өзара көмек пен өзара ықпалдасу формалары.

§ 6. Қазақ жерлерін отарлаудың аяқталуы

Мәселенің тарихнамасы: жаңа ұстанымдар және салыстырмалы талдау. Қазақстанның Ресей империясының құрамына қосылу мәселесі тарихнамасының қалыптасуы мен дамуы туралы сұрақтарды зерттеу өте маңызды жағдайға – XVIII-XIX ғ. басында әр түрлі жоспарлы, көп аспектілі

ғылыми зерттеу жүргендігі халықтардың қарақалпақ бірмен тың методологтың еді⁴⁶ және күрделі кезеңінде мен концеп

Айта кезерттелуінде XVIII-XX қабылдауы қауіпсіздігі мүддесі (бұл сын сипаттады. Ол қазан бодандығы П.И. Рычков

Барлық алғашқы он екі жартысы шараларды жүргізудің алу зерттеу ішкерілей е зерттеулерінгізген жаулағанды. Ұлы ж

Төңкеріс қарай (Рычков)⁴⁸ Ресей қалыптастыры ретінде тәуелсіздік және фиялық және келеді (А.И. лекеті жерін тың рөлі орыс ессептердің б

⁴⁶ Ахмеджанов Г. С.

Средней Азии // А.

⁴⁷ Рычков П.И. Ис.

⁴⁸ Венюков М.И. П.

⁴⁹ Макшеев А.И. И. 1890. – 376 с.

ғылыми зерттеулердің жиналу және дайындалу үдерісінің қарқынды түрде жүргендігіне зерттеушілердің назарын аудартады. Қазақстан және Орта Азия халықтарының (қазақтардың, өзбектердің, қырғыздардың, түрікмендердің, қарақалпақтардың, тәжіктердің) тарихының тарихнамасы мәселелері бір-бірімен тығыз байланыстылығы соншалық, оларды бір-бірінен бөліп оқыту методологиялық жағынан дұрыс емес және логикалық жағынан ақталмайтын еді⁴⁶. Қазақстанның Ресей құрамына қосылуының тарихнамасы ұзақ және күрделі даму жолынан өтті. Тарихнамалық зерттеудің дамуы бүкіл кезеңінде бір-бірінен мазмұны мен бағыты бойынша айрықша теориялар мен концепциялар әр түрлі деңгейде зерттеліп отырған мәселеге әсер етті.

Айта кеткен жөн, төңкеріске дейінгі тарихнамада қосылу мәселесінің зерттелуіне сипаттау, фактілерді зерделемей және жинақтамай баяндау тән. XVIII–XX ғ. басындағы тарихнамада Кіші жүз бен Орта жүздің бодандықты қабылдауының үш негізгі себебі айқындалады: сыртқы саяси (қазақтардың қауіпсіздігі), ішкі саяси (ішкі талас-тартыстар), Әбілқайыр ханның жеке мүддесі (билікті нығайту тілегі). Қазақстанның Ресейге қосылуының барысын сипаттауда М. Тевкелев мақсатының орындалу қиындығы ескеріледі. Ол қазақ даласына келгеннен кейін қазақ сұлтандары арасында Ресей бодандығын қабылдауға байланысты бірліктің болмауын көрді. Бұл сұрақ П.И. Рычков пен А.И. Левшиннің еңбектерінде қарастырылған⁴⁷.

Барлық жұмыстар арқылы қазақтардың бодандықты қабылдауының алғашқы онжылдығына номиналды сипат беріледі, ал XVIII ғасырдың екінші жартысында патша үкіметі өзінің билігін нығайту мақсатындағы іс-шараларды жүзеге асыра бастайды. Сондай-ақ патшалық өз реформаларын жүргізудің дұрыстығын негіздейтін дәлелдер келтіреді. Ұлы жүзді жаулап алу зерттеулерде жақсы көрініс таппады, ол патшалықтың Орта Азияға ішкерілей снуінің жалғастырушы кезеңі ретінде көрсетілді. Осы кезеңнің зерттеулерінде патшалықтың ортаазиялық хандықтарға байланысты жүргізген жаулаушылық әрекеттерінің әскери аспектілері алдыңғы қатарға шығады. Ұлы жүздің жаулап алынуы ерікті түрде болған акт ретінде жазылады.

Төңкеріске дейінгі авторлардың еңбектеріндегі бағыттар мен ұстанымдарға қарай сыныптауға болады. «Табиғи шекаралар» тұжырымы (М.И. Венюков)⁴⁸ Ресейдің Қазақстан мен Орта Азияға үдемелі қозғалуын арий нәсілін қалыптастыру және кеңінен жаю үшін адамзат тарихының табиғи қозғалысы ретінде түсіндіреді. Осы тұжырымға Ресейдің жаулап алуын этнографиялық және географиялық факторлармен негіздейтін бағыты да жақын келеді (А.И. Макшеев)⁴⁹, ол бойынша жазық далада орналасқан орыс мемлекеті жерін кеңейтуге тырысады. Еуропаның шығысындағы тарихи халықтың рөлі орыстарға тиесілі болды деген оймен экономикалық және саяси есептердің болмауы анық көрсетілді.

⁴⁶ Ахмеджанов Г. Советская историография завоевания Туркестана и установление господства России в Средней Азии // Автореферат диссертации на соискание ученой степени д.и.н. – Ташкент, 1991. – 42 с.

⁴⁷ Рычков П.И. История Оренбургская (1730-1750 гг.). – Оренбург, 1896. – 95 с.

⁴⁸ Венюков М.И. Поступательное движение в Среднюю Азию. – СПб., 1878.

⁴⁹ Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. – СПб., 1890. – 376 с.

Орыс тарихнамасында тек қана орыс ұлтының шовинистік көзқарастарын насихаттайтын бағыт та көрініс тапты (М.А. Терентьев)⁵⁰. Бұл бағыттың жақтаушылары дала тұрғындарымен тату көршілік қатынастарға тек қана қарудың күшімен қол жеткізуге болатындығын айқындайды (А. Шемонский)⁵¹. Кеңінен таралған келесі бір бағыт – Ресейдің жаулап алуы «өркениеттік миссияны» орындауымен байланысты деп есептейді (Л.Ф. Костенко)⁵², оның негізінде қазақ халқындағы өркениет төмен деңгейде дамыған деген пікір жатыр. Авторлар өз еңбектерінде Еуропа өркениетінің маңызын және отырықшы мәдениеттің көшпенді мәдениеттен басым екендігін айқын көрсетіп, оны Шығыс өркениетінен жоғары бағалайды. Либералды бағыттың өкілдері қазақ халқының Ресейдің жаулап алуына қатынасы мәселесіне назар аударады (Н.И. Веселовский)⁵³. Жергілікті халықтың тарихын, тұрмысын және шаруашылығын зерттеу мәселесін қояды (А.И. Добросмыслов)⁵⁴.

Жарияланған материалдардың көпшілігінде арнайы тарихи зерттеулер болмағандығын айта кеткен жөн. Авторлар әлі де тарихта орын алмаған құбылыстар мен жағдайлар туралы жазды. Көптеген мақалаларда фактілік қателіктер кездеседі, өлкенің нақты шынайы тарихында сәйкессіздіктер байқалады және оны өзіне ыңғайлы жағдайда көру мен сипаттауға деген құштарлықты байқауға болады. Қазақстанның Ресейге қосылуының нәтижелерін талдай келіп, орыс зерттеушілері бұл жағдай жергілікті халық үшін прогрессивті болған деген жалпы пікірге тоқталады.

XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының еңбектерінде Қазақстанның Ресейге қосылуына қатысты сыни ұстанымда болғаны көрсетіліп, қазақтардың Ресейден мәжбүрлі түрде көмек сұрағаны және отарлау саясатының ауыр салдары айқындалады (Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Шоқай және т.б.)⁵⁵. Қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасының қайтарылуы қазіргі заманғы отандық тарихшылардың концептуалды көзқарастарында көрініс тапты. 1917 жылдан кейін қоғамдық санада отар халықтардың төңкеріске дейінгі тарихына, самодержавиялық Ресейдің саясатына шұғыл сыни тұрғыдан қарау белең алды. Осы хронологиялық кезеңде қазақтың өткенін маркстік-лениндік методологияны меңгерген тарихшылар зерттеуге кіріседі. Авторлар осы уақытқа дейін жазылған барлық еңбекке сыни көзқараста болды. Тарихи құбылыстар аз болғанына қарамастан олар патшалық отарлау саясатының салдары мәселесі қатаң түрде қойылған Ресей империясының бұрынғы отарларының ұлттық тарихын зерттеуге маңызды қадам жасады. Бұл мәселелер 1917 жылдағы жағдайлардан соң, яғни монархия құлатылғаннан, демократиялық еркіндік, теңдік және тәуелсіздік жарияланғаннан кейін қазақ қоғамы жаулап алынған жерлерінің қайтарылуын күткендіктен аса өзекті болды. Осылардың шеңберінде «жаулап алу» және «отар» сияқты терминдер көптеп кездесетін тарихшылардың

⁵⁰ Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. – СПб., 1906. – 510 с.

⁵¹ Шемонский А. Военная история русского движения в Среднюю Азию. – Ташкент, 1910.

⁵² Костенко Л.Ф. Средняя Азия и водворение в ней русской гражданственности. – СПб., 1890. – 358 с.

⁵³ Веселовский Н. Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае. – СПб., 1894.

⁵⁴ Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк. – Тверь, 1902.

⁵⁵ Букейханов А.Н. Избранное. – Алматы, 1995. – 480 с.; Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991. – 381 б.

негізгі еңбек
«абсолютті»
(С.Д. Асфенди
Қазақстанды
салдарын ай
терең болма

Қазақста
халқының Ре
шынайы фак
дық» тұжыры
ғының ерікті
алу» термині
тандау идеяс
тарихи жағда
зын айқында
теріс баға да
қойып, жергі
езгіні) күшей
жырымдамас
жалғастырад
Ресейге бару

Тарих ғы
тұжырымдам
Бұл туралы о
пікірталасы д
сінігі мемлек
қанағандығын
болғандығын
Ресей импер
кейінгі уақыт
ді. Басқа фак
өмірін бүркөм
қамтымайды.
бір-бірімен ар
бағалау кезін
қоныс аудару
тигізген жағы
алуын ұсынды
ерікті түрде к
деген негізде

⁵⁶ Асфендиаров С.Д. Великие бедствия (– Ташкент, 1935. –

⁵⁷ Вяткин М.П. Очерк в 20-40-е годы XIX

негізгі еңбектері жазылды. Қосылу мәселесін зерттеуде 1930 жылдары «абсолютті жауыздық» концепциясының көрініс бергендігін анықтады (С.Д. Асфендияров, М. Тынышбаев, П.Г. Галузо)⁵⁶. Зерттеушілер Ресейдің Қазақстанды жаулап алуында қатал отарлау саясаты мен оның жағымсыз салдарын айқын көрсетеді. Бұл мәселелердің талдануы жеткілікті дәрежеде терең болмады.

Қазақстан мен Ресейдің қарым-қатынасын әрі қарай зерттеуде қазақ халқының Ресейге қосылуын айқындайтын зерттеу пәнінің нақтылануы мен шынайы факторларды көрсетуі байқалады. Осының нәтижесінде «аз жауыздық» тұжырымдамасы дайындалады. Бұл тұжырымдама Ресей бодандығының ерікті сипатын жоққа шығару ұстанымын сақтай отырып, «жаулап алу» терминінен бас тартады. М.П. Вяткин ұсынған бодандықты баламалы таңдау идеясы (Ресей немесе Жонғария) зерттеушілерге қазақ жүздеріндегі тарихи жағдайды талдай отырып, Ресейдің құрамына енудің тарихи маңызын айқындау міндетін қойды. Сонымен бірге қосылу салдарына берілген теріс баға да сақталуда, себебі ол Қазақстанның саяси тәуелсіздігіне шек қойып, жергілікті тұрғындарды қанауды (ұлттық отарлауды және феодалдық езгіні) күшейтуге алып келді. 1940 жылдардың басында «аз жауыздық» тұжырымдамасы ғылыми еңбектерде (М.П. Вяткин, Е. Бекмаханов)⁵⁷ дамуын жалғастырады, онда «жаулап алу» терминінен бас тартып, Қазақстанның Ресейге баруының негізгі себебі ретінде сыртқы қауіп көрсетіледі.

Тарих ғылымында Ресейге қосылу мәселесін зерттеуде «аз жауыздық» тұжырымдамасының басқа ұстаныммен біртіндеп ауыстырылуы байқалады. Бұл туралы осы терминді қолдануға байланысты М.В. Нечкинаның бастаған пікірталасы дәлел бола алады. Зерттеушінің пікірінше, «жауыздық» түсінігі мемлекеттік дербестіктің жоқтығын және патшалықтың халықты қанағандығын, Ресей патшалығының ұлттық отарлау саясатының ауыр болғандығын көрсетеді. М.В. Нечкина өзінің тәуелсіздігін жоғалтқан және Ресей империясының құрамына қосылған халықтарды қанау, қосылғаннан кейінгі уақытта өмір сүрудің басқа факторларын бүркеу керек деп есептеді. Басқа факторлардың түсінігін автор былайша айқындайды: халықтың өмірін бүркемейді, осы халықтың тарихи үдерісінің барлық құбылыстарын қамтымайды. Халықтар патшалықтың рұқсатымен де, рұқсатынсыз да бір-бірімен араласады. Автордың пікірінше, Ресейге қосылу нәтижелерін бағалау кезінде тарихшылар патшалықтың отарлауына қарамастан орыс қоныс аударушыларының халықтардың шаруашылық және мәдени өміріне тигізген жағымды әсерін, жақсы қарым-қатынас фактілерін ерекше назарға алуын ұсынды. Осы уақыттан бастап қазақ жүздерінің бодандықты тек қана ерікті түрде қабылдаған және қосылудың прогрессивті нәтижелері болды деген негіздемесі бірінші орынға шығады. 1950 жылдары «тарихи шарт-

⁵⁶ Асфендияров С.Д. История Казахстана с древнейших времен. – Алма-Ата. – М., 1935; Тынышбаев М. Великие бедствия (Ақтабан-Шубырынды). – Алма-Ата, 1991. – 264 с.; Галузо П.Г. Туркестан – колония. – Ташкент, 1935. – 225 с.

⁵⁷ Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. – Л., 1941. – Т. I. – 354 с.; Бекмаханов Е.Б. Казахстан в 20-40-е годы XIX века. – Алматы, 1992. – 400 с.

бағалаумен жалғасты деді⁶⁰. 1990 жылдары Ресей империясына қосылудың нәтижесінде тәуелсіздіктен айырылу фактісін зерттеу және талдау мәселесі күн тәртібінде тұрды. Тарихшылар қазақ хандарының Ресей үкіметіне баруының себептерін зерттеді, бұл тарихи үдерістің барысы мен салдарын, сонымен қатар мәселенің тарихнамалық аспектісін қарастырды.

1990 жылдардың соңынан бастап екі концептуалды ұстанымның болуы осы мәселенің күрделілігі мен көпқырлылығын айқындайды. Отандық тарихшылардың бірінші тобы (Ж.Қ. Қасымбаев, Б.Б. Ирмуханов және т.б.)⁶¹ Кіші жүз бен Орта жүздің бір бөлігінің Ресейге бастапқыда баруы ерікті түрде болды (бұл патшалық үшін қолайлы болғандығы басқа мәселе), ал Қазақстанның қалған территориясы әскери күштің көмегімен қосылды деген концептуалды ұстанымды қолдайды. Бодандықты қабылдаудың басты себебі – қазақ халқына қауіпсіздікті қамтамасыз ету басты орында тұрды, дегенмен бодандықты қазақ билеушілері саяси тәуелсіздіктен айырылу деп түсінгендіктен, оны қолдамады, сондықтан бұл тұжырымдаманы жақтаушылар «бодандықты» түсіну мәселесін қазақ және орыс тұрғысынан көрсетеді.

Келесі авторлар тобы (А. Күзембайұлы, Ж.О. Артықбаев, М.Ж. Абдиров және т.б.)⁶² Ресей Қазақстанды жаулап алды деген тұжырымдаманы ұстанып, оны әрі қарай дамытуда. Бұл тұжырымдаманы жақтаушылардың пікірінше, XVII ғ. соңы – XVIII ғ. басында Ресей өзінің жаулап алушылық саясатын жалғастырып, нәтижесінде оның оңтүстік-шығыс шекарасы қазақ жерлеріне жақындады. Авторлардың ойынша, Әбілқайырдың өтініші мен қазақ жүздерінің сыртқы саясатынан басқа салалардың барлығындағы бағыныштылық патшалыққа тиімді болды. Зерттеуші қазақ хандары мен сұлтандарының бұл дипломатиялық актіге баса назар аудармағандығын айқындайды.

Айта кеткен жөн, Қазақстанның Ресей империясының құрамына қосылуы шетелдік зерттеушілердің үлкен қызығушылығын туғызды. Олар барлық ортаазиялық аймақтың тарихын империялық және кеңестік кезең тарихының контекстінде қарастырды⁶³. 1990 жылдардан бастап қазақстандық тарихшылар (Т.К. Бейсембаев, М.Т. Лаумулин, К.Л. Есмағамбетов, К.Р. Несипбаева және т.б.)⁶⁴ ағылшын, америкалық, неміс, француз зерттеулеріне талдау жасап, жаңа замандағы Қазақстан тарихының мәселелері бойынша басты теориялар мен концепцияларға басымдық бере отырып, шетелдегі

⁶⁰ Ерофеева И.В. Экономические связи Казахстана с Россией в русской историографии XVIII первой половины XIX века // Вопросы историографии и источниковедения Казахстана (дореволюционный период). – Алма-Ата, 1988. – 262 с.

⁶¹ Қасымбаев Ж.Қ. Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.). – Алматы, 1999. – 228 с.; Ирмуханов Б.Б. Казахстан: Историко-публицистический взгляд. – Алматы, 1996. – 232 с.

⁶² Күзембайұлы А., Абишев Е. История Казахстана. – Алматы, 1996. – 352 с.; Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. – Алматы, 1994. – 160 с.

⁶³ Pipes R. Central Asia and Russian colonialism // Far Eastern Economic Review. – 1959. – April 29. – P 10.; Brzezinski Z. Between two ages. America's roles in the technohomic era. – N.Y., 1970; Reshetar J. National Deviation in the Soviet Union // The American Slavic and East European Review. – 1953. – Vol. XII. – No.2. – P. 162-174.

⁶⁴ Есмағамбетов К.Л. Что писали о нас на Западе? – Алма-Ата, 1992. – 52 с.; Лаумулин М.Т., Бейсембаев Т.К. Зарубежные исследователи Средней Азии и Казахстана (библиографический указатель). – Алма-Ата, 1994. – 100 с.; Несипбаева К.Р. Современная англо-американская историография русской экспансии и колонизации Центральной Азии (XVIII – начало XX вв.). – Алматы, 1997. – 191 с.

негізгі ғылыми мектептер мен орталықтарды айқындайды. Сонымен қатар қазақстандық зерттеушілер АҚШ, Канада, Франция және т.б. мемлекеттердің кітап қоймаларында жинақталған шетелдік тарихнаманың көп аспектілі деректік базасының бар екендігін баяндайды.

Осылайша, ұзаққа созылған қазақ жүздерінің Ресей империясының құрамына қосылу үдерісі қарама-қайшы сипатқа және жан-жақты әрі шынайы талдауды қажет ететін кешенді мәселелерге ие. XVIII ғасырдың ортасынан бастап мәселенің зерттелу динамикасын сипаттайтын көп материал жинақталды. Әрбір кезеңде осы үдерісті ерекше сипаттады және бағалады. Концептуалды ұстанымға идеологиялық аспектілер де әсерін тигізді. Сондықтан да мәселені ғылыми меңгеру өзінің өзектілігін сақтап қалды.

XIX ғасырдың 40-60 жылдары Ресей билігінің Орта Азиядағы саясаты. XIX ғасырдың 40-60 жылдары ресейлік биліктің ортаазиялық саясаты ағылшын-орыс қарым-қатынастарына тікелей байланысты болды. Ұлыбританияның Орта Азияға қатысты іс-әрекеті Ресейдің ортаазиялық саясатын белсенді түрде жүргізуіне және Орта Азияны қосып алуындағы саяси себептердің басым болуына үлкен рөл атқарды. Ұлыбританияның Үндістанды жаулап алуының және Орта Шығыс пен Орта Азиядағы әрекеттерін белсенді түрде жүргізуіне байланысты ағылшын-орыс бәсекелестігі күшейе түсті. Патша үкіметі өзінің ұстанымын сақтауға және Ұлыбританияның экономикалық және саяси ықпалының кенеюіне кедергі келтіруге тырысты. 1830-1840 ж. П.И. Демезон мен И.В. Виткевичтің дипломатиялық миссиялары, сондай-ақ Е.П. Ковалевский мен А.Р. Гернгостың Бұхар хандығына, П. Никифоровтың және Г.И. Данилевскийдің Хиуа хандығына елшілігі, Н.Г. Потаниннің қазақ даласы арқылы Қоқан хандығына саяхаты жүзеге асты. Бұл саяхаттардың нәтижесінде орыс-азиаттық сауда мәселелері бойынша келісімге келіп, ортаазиялық хандықтардың қазақтармен қарым-қатынастары туралы мәліметтер жинақталды⁶⁵.

1833 ж. жазда Орынбор өлкесінің губернаторы болып В.А. Перовский тағайындалады, ол өзінің алдына екі міндет қояды: бағынбаған қазақтарды бағындыру және орыс әскерлерін Орта Азия хандықтарының шекарасына жақындату. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін Сырдарияның төменгі ағысы бойына жаңа әскери шептер салу керек болды, бұл жағдай олармен шектесетін қазақтардың наразылығын туындатты. Кейбір қазақ руларының Орта Азия хандықтарына көшкісі келгендігі де жағдайды шиеленістіре түсті. В.А. Перовский бұл үдерісті тоқтатуға тырысты. 1836-1839 жылдары қазақтарды басу үшін бірнеше жазалау экспедициялары жіберілді. Әрі қарай әскери-саяси экспансияны жүзеге асыру қолға алынады, нәтижесінде Хиуа экспедициясы құрылады. Жасалған жорықтың ресми себебі – Хиуаның орыс-қазақ қатынастарына араласуын бейтараптандыру қажеттілігі, шекаралық аймақтардағы тонау мен зорлық-зомбылыққа шек қою, орыс тұтқындарын босату деп жарияланды. 1839 жылдың қарашасынан

⁶⁵ Халфин Н.А. Присоединение Средней Азии к России (1960-1990 гг. XIX в.). – М., 1965. – 251 с.

1840 жыл
бернаторы
дайындалм
өзеніндегі.
отряд жіб
не азық-тү
5000 адам
үсікке ша
ортасында
тың нәтиж
тербургке
әскери стр
рық жасау
Сырдария
кінісі, Қаз
Түркістан
ды: Қоқан
гі ағысын
зерттеу. П
арқылы С
1841 ж. ба
шілігі жіб
барлық же
Ресейдің м
сауда қаты
Хиуа хан
ді, Хиуа т
тапты. XI
ішкерілей
сағасын ба
Осы уақы
ғымен құр
кери және
мемлекеті
экономика
тың ғылым
ұйымдасты
Осы ж
жүз терри
да өзінің б
құрған қо
тап тұрған

⁶⁶ Кинянина Н.
сы историей.

1840 жылдың ақпанына дейін созылған Орынбор өлкесінің әскери губернаторы В.А. Перовскийдің басшылығымен жасалған жорық толық дайындалмаған болып шықты. 1839 ж. көктемде екі бекіністі (біреуі Ембі өзеніндегі, екіншісі Ақбұлақ жеріндегі) нығайту үшін қазақ даласына екі отряд жіберілді және осында Орынбордан отын мен мал, жем-шөп және азық-түлік алып келінген еді. Орынборда құрған экспедициялық отряд 5000 адамнан тұрды, қатты аяздан түйелер қырылып, көптеген адамдар үсікке шалынды. Азық-түлік пен отын таусылғаннан кейін ақпанның ортасында отряд Ембі бекінісіне, кейіннен Орынборға оралды. Осы жорықтың нәтижесінде орыс тұтқындары босатылып, Хиуа елшілігі Санкт-Петербургке жіберілді. Осыдан кейін Ресейдің аймаққа ішкерілей енуі үшін әскери стратегиялық плацдармды құру арқылы нақты жоспарланған жорық жасау қажеттігі белгілі болды. Осыдан кейін Сырдария шебін құрған Сырдарияның төменгі ағысында бірнеше бекініс салынады. Оған Арал бекінісі, Қазалы, Қармакшы, Перовск форты, кейіннен Жөлек, Жанақорған, Түркістан кірді. Сырдария шебін құру арқылы келесідей міндеттер қойылды: Қоқан және Хиуа хандықтарының шекарасымен Сырдарияның төменгі ағысындағы әскери күштерді нығайту, осы аймақтың экономикасын зерттеу. Патша әкімшілігі казак және орыс шаруа қоныстарын көбейту арқылы Сырдария казак әскерін құруды жоспарлады. Осы мақсатпен 1841 ж. бас штабтың капитаны Никифоровтың басшылығымен орыс елшілігі жіберілді. Елшіліктің мақсаты Сырдариядан солтүстікке қарайтын барлық жерді және ішінара Каспийдің шығыс жағалауындағы жерлерді Ресейдің меншігі ретінде Хиуаның мойындауына қол жеткізу, сондай-ақ сауда қатынастары үшін қолайлы жағдай орнату болды. Никифоровтың Хиуа ханы Аллақұлмен жүргізген келіссөздері ешқандай нәтиже бермеді, Хиуа тарапынан жасалған тонаушылық жорықтар кейін де жалғасын тапты. XIX ғасырдың екінші жартысынан патшалық Ресей Орта Азияға ішкерілей енуін жалғастырды. 1847 ж. орыс әскерлері Сырдарияның сағасын басып алып, Райым бекінісін, ал 1848 ж. Қазалы фортын салды. Осы уақытта Арал теңізін зерттеу басталады. А.И. Бутаковтың басшылығымен құрылған (1848-1849 ж.) экспедиция осы аймақты болашақта әскери және кеме жүргізу ісін дамыту бойынша зерттеді. Кейіннен Ресей мемлекеті жалпы міндетті – Орталық Азия мемлекеттерінің саяси және экономикалық жағдайын зерттеуді шешетін миссияларды (Н.В. Ханьковтың ғылыми миссиясы және Н.П. Игнатъевтің дипломатиялық миссиясы) ұйымдастырады⁶⁶.

Осы жағдайлармен қатар Ресей мемлекеті қытай билеушілерінің Орта жүз территориясына таласуынан, кейіннен Қазақстанның оңтүстік аймағында өзінің бірнеше бекіністерін (Ақмешіт, Әулиеата, Мерке, Қастек және т.б.) құрған қоқан билеушілерінің басып алушылық саясатының себебінен тоқтап тұрғандықтан, енді өзінің Жетісуға енуін іске асырады. Бұл бекіністер

⁶⁶ Киняпина Н.С. Средняя Азия во внешнеполитических планах царизма (50-80-е гг. XIX в.) // Вопросы истории. – 1974. – №2. – С. 36-51.

әскери әкімшілік, қаржылық, сауда қызметтерін орындады, бірақ басты қызметі бағындырылған территорияларды басқару болды. XIX ғасырдың ортасында қоқандықтар қазақтардың жеріне шабуыл жасауын жалғастырды, соның нәтижесінде Ресейдің Орта Азиядағы әскери қимылдары белсенді түрде жүргізіледі. Орынбор әскери губернаторы В.А. Обручев шекараны әрі қарай нығайта түсу үшін Сырдарияның сағасында 1847 ж. Райым (кейіннен Арал) бекінісін салып, Ақмешітті иеленуді ұсынады. Бұл жоспар қайта тағайындалған Орынбор губернаторы В.А. Перовский тұсында жүзеге асырылды. Ол 1853 ж. 2800-ге жуық адамнан тұратын 12 қаруымен Ақмешітке барады. Ондағы 3 қаруы бар 300 қоқандықты 27 шілдеде батыл шабуылмен басып алады. Ақмешіттің атауы Форт-Перовский деп тез арада өзгертілді. Осылайша, Ақмешітті қайтарып алуға әрекеттенген, бірақ оны сәтсіз аяқтаған Қоқан хандығын бағындыру басталды. 1854 ж. император Сырдария шебін басқару туралы ережені бекітеді. Осылайша, В.А. Перовскийдің әскери-стратегиялық міндеті жүзеге асты, Ресей Хиуа және Қоқан хандықтарына саяси ықпалын күшейтуге мүмкіндік алды⁶⁷.

1847 ж. Абакумовтың отряды бірнеше казарма салды, кейіннен олардың айналасында Жетісуды, яғни орыс бодандығын қабылдаған Ұлы жүз қазақтарының территориясын басқаруға арналған орталықтар құрылады. Іле өзенінің солтүстік жағалауындағы жерлер қоқан бектерінің қолында қала берді, ал олардың тірек пункті Қаскелең өзенінде орналасқан Таушыбек бекінісі болды. 1851 ж. екінші рет жасаған шабуылында орыс әскерлері оны түгелдей жояды. Орыс әкімшілігі Қытайдан Ресейге өтетін транзиттік сауда жолдарының маңыздылығын түсіне отырып, аймақты шаруашылық жағынан игеру бастайды. 1854 ж. Іле Алатау тауының етегінде Верный бекінісінің негізі қаланады. Верныйдың іргесі қаланғаннан және Ақмешітті алғаннан кейін Сырдария мен Жетісу казак шептерін біріктіру жоспары қойылады. Орыс әскерлерінің сәтті енуіне 1857-1858 жылдары Шымкент пен Әулиеата өңірлерінде болған қазақтардың қоқандықтарға қарсы көтерілістері жәрдемдесті. Осы көтерілістердің аяусыз жаншылуы салдарынан қазақтар Ресей жағына өтті. Тарихи жағдайдың қалыптасқандығы сондай, қазақ халқының өмірі Қоқан мен Ресейдің бәсекелестігінің нәтижесіне бағынышты болды. 1860 ж. полковник Циммерманның басшылығымен жасақ құрылып, ол Пішпек және Токмақ атты қоқан бекіністерін талқандайды. Қоқан хандығы қасиетті соғыс (ғазуат) жариялап, 1860 жылдың қазанында олардың әскері (20000 адам) Ұзынағаш бекінісінде жиналды. Онда қоқандықтарды полковник Колпаковский жеңеді. Ұзынағаш шайқасынан кейін полковник М.Г. Черняевтің басшылығындағы жасақ Қастек асуынан өтіп, Токмақты басып алады. Орынбордан Сырдарияның төменгі ағысы бойымен, ал Батыс Сібірден Алатау бойымен бекіністерді салу арқылы орыс шекарасы біртіндеп тұйықтала түсті. Бірақ 650 шақырымға жуық үлкен кеңістік сол кезде әлі бос болды және қазақ даласына жорық жасау үшін қақпа ретінде қызмет етті. Осыған байланысты 1864 ж. екі отряд – бірі Орын-

⁶⁷ Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. – СПб., 1901. – Т. I. – 510 с.

бордан, екінші 2500 адамнан тұратын ныйдан шыққан полковник Е.А. Форт-Перовский 12 маусымда

Түркістанға барған деп атпен аттанды полковник Перовскийдің Сотня қысқа жатқан Қоқан әскері бойы (4-5 жас) сін жамылып, дікке әркім болып сапқа тұркістанна оралады. Әулиеата басқара отырғаны оны 20 шілдеде 114 шақырым Черняевтің әрекеттері

ті қарсылық кірталастар 1864 ж. Шымкент 1865 ж. бұған қазақстан облысы тағайындалған Сібір шептері зылған күр

Қазақстан кейін Ресейге алуға көшпелі К.П. Кауфман шабуыл жасап бір уақытта оның мамыр Сейіт-Мұхаммедтің бойы Хиуа хандығы құрамына кі

⁶⁸ Терентьев М.

бордан, екіншісі Батыс Сібірден шықты. Полковник М.Г. Черняевтың 2500 адамнан тұратын Батыс Сібір жасағы 1864 ж. 5 маусымда Верныйдан шығып, Әулиеата бекінісін батыл шабуылмен басып алды, ал полковник Верёвкин бастаған 1200 адамнан құрылған орынборлық отряд Форт-Перовскіден Түркістанға қарай жүрді, Түркістанды ор қазу арқылы 12 маусымда басып алады⁶⁸.

Түркістанды алғаннан кейінгі соғыс әрекетінің бір көрінісі – Икан ісі деген атпен белгілі болады. 1864 ж. 4 желтоқсанда Түркістанның коменданты полковник Жемчужников 1 зеңбірекпен күшейтілген жасауыл Серовтың басшылығымен 100 оралдық казакты тыңшылыққа жібереді. Икан Сотня қышлағының жанында казактар Түркістанды басып алуға бара жатқан Қоқан хандығының регенті Әлімқұл молданың басшылығындағы қоқан әскерінің негізгі күштерімен соқтығысып қалады. Казактар 2 күн бойы (4-5 желтоқсанда) тамақсыз және сусыз, өлген жылқылардың денесін жамылы, қоршауда болады. 2 күн аяқталар кезде жасауыл Серов жүздікке әркім жеке өзі қоршаудан шығуына бұйрық береді, казактар шаршы болып сапқа тізіліп, соғыса отырып, қоқан әскерінің қоршауын бұзып, Түркістаннан жіберілген жасаққа қарай шығады да, бекініске қайтып оралады. Әулиеатада гарнизонды қалдырып, М.Г. Черняев 1298 адамды басқара отырып, Шымкентке қарай жылжиды, Орынбор жасағын тартып, оны 20 шілдеде басып алады. Осыдан кейін Ташкентке (Шымкенттен 114 шақырым) батыл шабуыл жасалады, бірақ ол сәтсіз аяқталады. Черняевтің әрекеттері өте қатал болды. 1864 ж. әскери жорыққа қатысқан саяхатшылар – Н.А. Северцов пен Ш. Уәлиханов генералға түпкілікті қарсылықтарын білдірді. М.Г. Черняевпен болған бірқатар қызу пікірталастардан кейін Ш. Уәлиханов қызметін тастап, Жетісуға оралады. 1864 ж. Шымкентті басып алумен Оңтүстік Қазақстанды жаулау аяқталады. 1865 ж. бұрынғы Сырдария шебінің территориясын қосу арқылы Түркістан облысы құрылады, оның әскери губернаторы болып М.Г. Черняев тағайындалады. Түркістан мен Шымкентті алғаннан кейін Орынбор мен Сібір шештері біріктірілді және Қазақстанды Ресейге қосудың ұзаққа созылған күрделі үдерісі аяқталды.

Қазақ хандығын, Қоқан және Бұхара хандықтарын жаулап алғаннан кейін Ресей билеушісі жаулық саясатты ұстанған Хиуа хандығын жаулап алуға көшті. Алдын ала дайындалған жоспарға сәйкес 1873 ж. көктемде К.П. Кауфман генералдың басшылығындағы орыс әскері Хиуаға үш жақтан шабуыл жасады: Кавказ, Орынбор және Түркістан округтерінен. Барлық үш отряд бір уақытта Хиуа жеріне басып кіріп, белсенді әрекеттерге көшті. 1873 жылдың мамыр айында Хиуаның астанасын басып алды, ал тамызда Хиуа ханы Сейіт-Мұхаммед-Рахым мен генерал К.П. Кауфман келісімге келді. Бұл келісім бойынша Хиуа ханы өзін Ресейдің вассалы деп мойындады. Кейіннен Хиуа хандығының территориясы Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына қосылды.

⁶⁸ Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. – СПб., 1901. – Т. 1. – 510 с.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Ресейдің иеліктерін жоспарлы түрде кеңейтуінің басты себептерінің арасында Ресейдің «табиғи шекараларын» иелену, талас-тартыстарды тыныштандыру және шекаралық шептер мен сауда жолдарындағы тыныштықты бұзатын тонаушылық жорықтарды тоқтату, артта қалған азиялық халықтарды өркениетке көшіруге ұмтылу, оларды әлемдік өркениетке қосу аталады. Түркістан жорықтарына қатысушы тарихшылардың бірі генерал-майор Л.Ф. Костенко дипломатияны сақтай отырып, былай деп жазады: «Ресейдің Орта Азиядағы іс-әрекетінде арсыз ойлар мен өзіндік пайдакүнемдік есептері басшылыққа алынған, бірақ тек қана аймақты бағындыру арманымен және оның өндіргіш күштерін дамытып, Ресейдің еуропалық бөлігіне Түркістанның өнімдерін жіберудің қысқа жолын ашуды көздеді»⁶⁹. Түркістан жорықтары Ресейдің ұлы миссиясын аяқтағандай болды, алдымен, көшпенділердің Еуропаға экспансиясын тоқтатып, кейіннен отарлаумен – шығыс жерлерін толықтай бағындырумен аяқталды. Осы идеялар арқылы Азия мемлекеттерін жаулап алудың барысы айқындалды. Қарсыласты бейнелеу үшін «қаракшы тобы», «жиын», «банды», «жауыз шабуыл», «қорқақ соқтығыс» сияқты сөздерді пайдаланғандығын жорыққа қатысушылар – М.Г. Черняевтің, К.П. Кауфманның, В.А. Перовскийдің және т.б. мемуарларынан кездестіреміз. Жергілікті хандар мен ақсүйектердің қоластындағы жергілікті халықтың кедейшілікте өмір сүргендігі айқындалды. Орыс әскерлерінің келуімен, жақсы өмір басталғандығын көрсетті-мыс. Дегенмен жағдай тез өзгерді, бұл көршілес жерлерге саяси-территориялық экспансияның жалғасы ғана болды. Бұдан басқа, бірақ шынайы себеп – Ресейдің үкіметтік және әскери қызметкерлерін толғандырған идея Британ империясына қарсы тұру болды. Осылайша, Ресейдің саясаты қорғанушы, Британияның агрессиясынан қорғануға бағытталғандығымен сипатталады. Қарсы тұрушы теоретиктердің бастыларының бірі, әскери администратор, тарихшы М.А. Терентьев үш томдық «Орта Азияны жаулау тарихы» туралы және аймақтағы Ресей мен Англияның саясаты туралы бірнеше мақала да жазды⁷⁰. XIX ғ. Үндістан мен Орта Азияны бақылауға байланысты Ресей мен Британ империяларының арасындағы тартыс тарихта «Үлкен ойын» деп аталды. Оның тағы да белсенді қатысушыларының бірі Қытай болды, ал басқа мемлекеттер бұл шайқастағы ауыспалы ойыншылардың қызметін атқарды.

Бақылау сұрақтары:

1. XIX – XX ғ. басындағы орыс зерттеушілері еңбектерінде қазақ жүздерінің Ресей империясының құрамына қосылуын зерттеудің негізгі бағыттары.
2. XX ғ. басындағы тарихшылар еңбектеріндегі Қазақстанның Ресей империясының құрамына қосылу мәселелері бойынша негізгі концептуалды ұстанымдар.
3. Ресей саясатының ортаазиялық аймақта күшеюінің себептерін сипаттаңыз.
4. Орыс үкіметінің Хиуа хандығына байланысты ұстанған саясатын көрсетіңіз.

⁶⁹ Костенко Л.Ф. Средняя Азия и водворение в ней русской гражданственности. – СПб., 1890. – 358 с.

⁷⁰ Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. – СПб., 1901. – Т. 1. – 251 с.

5. Орыс а
рына б
6. Ресейд
сиялар
7. Орынб
ты тари
8. «Үлкен
түсінді

5. Орыс әскерлерінің Қоқан хандығы территориясын жаулап алуының салдарына баға беріңіз.
6. Ресейдің Бұхара және Хиуа хандықтарына жіберілген дипломатиялық миссияларының қызметін ашыңыз.
7. Орынбор өлкесінің әскери губернаторы В.А. Перовскийдің қызметіне қатысты тарихнамадағы көзқарастарды талдаңыз.
8. «Үлкен ойындағы» Ресей-Британ империялық тартыстарының себептерін түсіндіріңіз.

ерін жоспарлы
абиғи шекара-
аралық шептер
қ жорықтарды
діруге ұмтылу,
қтарына қаты-
дипломатияны
ғы іс-әрекетін-
ыққа алынған,
өндіргіш күш-
ның өнімдерін
ықтары Ресей-
енділердің Еу-
ыс жерлерін то-
емлекеттерін
у үшін «қарақ-
оқтығыс» сияқ-
М.Г. Черняевтің,
нан кездестіре-
ергілікті халық-
ерінің келуімен,
дай тез өзгерді,
ң жалғасы ғана
тік және әскери
қарсы тұру бол-
а агрессиясынан
шы теоретиктер-
М.А. Терентьев
ймақтағы Ресей
XIX ғ. Үндістан
н империялары-
ы. Оның тағы да
емлекеттер бұл

қазақ жүздерінің
ізгі бағыттары.
ның Ресей импе-
ізгі концептуалды
терін сипаттаңыз.
ысатын көрсетіңіз.

2. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының хандық билікті қалпына келтіруі туралы не білесіз?
3. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің әлеуметтік негізіне талдау жасаңыз.
4. Қазақстандағы 1916 көтеріліс басшыларының саяси бейнесіне қатысты пікіріңізді білдіріңіз.
5. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс барысында қалпына келтірілген хандық билікке сайланған тұлғалар туралы қандай мәліметтерді білесіз?

§ 5. XX ғасыр басындағы Қазақстандағы ұлттық қозғалыс

XIX ғ. соңы – XX ғ. басында Ресей империясының түркі тілдес халықтарының ұлттық қайта өрлеу үрдісі басталды. Бұл бағытта білім беру мен ағарту, төл мәдениетті жан-жақты дамыту, Ресей империясының мемлекеттік-саяси жүйесінде түркі-мұсылман және славян-христиандық халықтардың тең құқықтылығын бекіту негізде өз халықтарының қайта өрлеу идеясының дамуы сынды факторлар қозғалыстың дамуына ықпал етті. Алғаш тәжірибені ескере отырып, бұл қағидаттарды анықтап және оларды іске асыру жолдарын көрсеткен Қырым татарларының көрнекті ағартушысы Исмаил Гаспринский (1851-1914 ж.) болды. Ресей империясындағы түркі тілдес халықтарының саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайын зерделеу нәтижесінде ойшыл Гаспринский негізгі мәселелерді мұсылман оқу орындарын жаңарту, Ресей империясының мұсылман түркілерінің рухани және саяси бірігуі мен орыс мұсылмандарының белсенді өзара әрекеті арқылы шешу қажеттігін түсінді. И. Гаспринский өз идеяларын 1883 ж. Бақшасарайда айына екі рет «Терджиман» (Аудармашы) атты газет шығару арқылы іс жүзінде асыра бастады. Мындаған оқырманы бар бұл газет жаңа оқыту әдісін (усул жәдид) насихаттау қызметін атқарды. «Жаңа әдіспен» оқытуда фонетикалық оқу және білім беру үрдісіне ислам мектептерінің бағдарламаларында болмаған зайырлы білім (арифметика, орыс тілі, жағрафия, тарих) ендіру қағидатына негізделді. Бұдан басқа И. Гаспринский газеттің көмегімен өзінің негізгі идеясы – Ресей империясының түркі-мұсылмандарын біріктіруді көздеді, әйтпесе олар «қанау мен ассимиляцияға душар болады» деп есептеді. Ол ортақ түркі тілі негізінде бірігу қажеттігін айтып, оны «Терджиман» газеті арқылы негіздеуге тырысты.



1912 жы
шетелде күн
газеті Ресей
мерзімді бас
газет-журнал
Еділ-Ор
шылары бол
алу, кедейле
ны аямады.
шығармалар.
Жаңа әдістер
қоғамдар аш
Троицк мұсы
Оқытуда
туда 1901 ж
лымжан Бар
зін қалаған «
белгілі рөл ат
аумағында
алғаш Уфа қ
ші қалалық м
дәріс Х. Усм
медресесінде
Кемали (187
болды. Медр
нуші қазақ О
жазушылары
оқыды. Қазақ
медресесінің
Жаңа ме
телмей, мект
руластары ар
мегімен курс
бастығы 1913
облысына кел
ның бір бөлігі
басқа үгіт-нас
көздеген қозғ
либералдық-о
1905 жыл
тіпті жаңарту:

¹²⁵ БР ОМТМ. – 2-к

¹²⁷ Якупов Р. Татар

¹²⁸ ОрОММ. – 21-к

¹²⁹ ОрОММ. – 21-к

1912 жылға қарай бес мың оқырманы бар «Терджиман» газеті Ресей және шетелде күн сайын шығып тұратын баспа органға айналады¹²⁶. «Терджиман» газеті Ресей империясында түркі-мұсылман интеллигенттер элитасына және мерзімді баспасөз – әр түрлі түркі тілдеріндегі (негізінен, татар және қазақ) газет-журналдардың дамуына айтарлықтай ықпалын тигізді.

Еділ-Орал аймағы татарлары жәдидшілдік идеялардың негізгі таратушылары болды. Олар мектеп ашу, оқу құралдар мен жабдықтарды сатып алу, кедейленген шәкірттерге жәрдемақы төлеу ісіне қажет болған қаржыны аямады. Олардың негізгі мақсаты білім беруді дамыту еді. Көркем шығармалар, газет-журнал беттері, шәкірт шығармалары мұның айғағы. Жаңа әдістерді меңгерген медресе мен мектептер, мәдени-қайырымдылық қоғамдар ашылып, ұлттық баспасөзі шыға бастаған Қазан, Уфа, Орынбор, Троицк мұсылмандар қоғамдық-саяси қозғалыс орталығына айналды.

Оқытудың жаңа әдістерін таратуда 1901 жылы қазан айында Ғалымжан Баруди (1857-1921 ж.) негізін қалаған «Мухаммадия» медресесі белгілі рөл атқарды. Уфа губерниясы аумағында оқытудың жаңа әдісі алғаш Уфа қаласында 1888 ж. бірінші қалалық мешіт қарамағында мүдәріс Х. Усманов ашқан «Усмания» медресесінде енгізілді¹²⁷. 1906 ж. Зия



Кемали (1873-1942 ж.) ашқан «Ғалия» медресесі Уфадағы ең танымалы болды. Медресені салдыруға кеткен қаражат шығынын уфалық ірі жер иеленуші қазақ Сәлімгерей Жантөрин көтерді¹²⁸. Бұл медреседе көрнекті қазақ жазушылары Мағжан Жұмабаев, Жиенғали Тілепбергенов, Бейімбет Майлин оқыды. Қазақтың лингвист ғалымы Қ. Жұбанов (1899-1938 ж.) «Хусаиния» медресесінің (1891 ж. Орынборда ашылды) тәрбиеленушісі болды.

Жаңа медреселер оқытудың дыбыстық әдісін енгізумен ғана шектелмей, мектептердің оқу бағдарламаларына өзгеріс енгізуге кірісіп, өз руластары арасында білімді тарату үшін жаз айларында шәкірттердің көмегімен курстарды ұйымдастырды. Түркістан аудандық күзет бөлімінің бастығы 1913 ж. 25 қаңтардағы ақпарында «Ғалия» медресесінен Сырдария облысына келген 40 шақты шәкірттерінің зор ықпалы, тіпті, қазақ балаларының бір бөлігінің «қысқы уақытта Уфадағы «Ғалия» медресесіне кетіп, одан басқа үгіт-насихатпен қайтқандары» туралы жазды¹²⁹. Мектеп реформасын көздеген қозғалыс бірте-бірте Ресей империясы мұсылмандарының саяси либералдық-оппозициялық қозғалысына ұласты.

1905 жылы революциялық оқиғалар және патша үкіметінің саяси тәртіпті жаңартуға бағытталған еркінен тыс шаралары аймақтың түркі тілдес

¹²⁶ БР ОМТМ. – 2-қор. – 1-тізбе. – 795-іс. – 3-арт. парақша.

¹²⁷ Якулов Р. Татары // Ядкар. – 2000. – № 2. – С. 174.

¹²⁸ ОрОММ. – 21-қор. – 2-тізбе. – 618-іс. – 392-парақша.

¹²⁹ ОрОММ. – 21-қор. – 2-тізбе. – 618-іс. – 33-арт. парақша.

халықтарының әлеуметтік белсенді бөлігінің саяси өзін-өзі ұйымдастыру үрдістерінің дамуының қозғаушы күші болды. Халықтың әр түрлі топтарынан «мемлекетті дамытуды жетілдіру» бойынша жобаларды қабылдауға рұқсат берген 1905 ж. 18 ақпандағы жарлық ұлттық интеллигенция, өнеркәсіп өкілдері, дінбасыларға болашаққа негізделген идея, жоспарларды талқылау үшін көптеген жиын, жиналыстарды өткізуге мүмкіндік берді.

Ресей империясының түркі-мұсылман халықтарының саяси-құқықтық жағдайын талқылауға әр түрлі мүддені көздеп, өз талап-қажеттіліктерін қанағаттандыруды ойлаған барлық әлеуметтік топ өкілдері қатысты. Ауқатты топ өкілдері мен дінбасылар исламға, мұсылмандық білім беру мен ұлттық мәдениетке қатысты саясатты либерализациялау жөнінде үкіметке бірқатар талаптар қойды. Олардың ішінде қазақ халқын Орынбор мұсылман рухани жиналысына қарату, мешіт салу мен олардың қарамағында медресе ұйымдастыруға рұқсат беру, Шығыстың мұсылман орталықтарына қажылыққа баруға жол ашу, православие миссионерлерінің іс-әрекетіне тыйым салу болды.

Аймақтың түркі тілдес қоғамдастығының жеке жиналыстар, «сенім бірлігі» туралы жалпы пайымдаулардан жолдау дайындау мен ортақ талаптарды құрастыруға ауысуына 1905 ж. 6 тамыздағы заңнамалық болжамдарды жасау мен талқылау үшін Кеңесші Мемлекеттік Думаның құрылуы туралы жарлық негіз болды.

Елде алғаш саяси партияларды құру мен Мемлекеттік Думаға сайлау науқаны кезеңінде ортақ тактика құрастыру аясында біртұтас саяси негіз құру мақсатында Ресей империясындағы мұсылман халықтарын біріктіру идеясы негізделді. Конфессиялық тұрғыдан орыс халқымен тең экономикалық және саяси құқықтарға ие болмаған түркі тілдес халықтардың күшін біріктіруде ұлттық мүддені қорғаудың бұл жолын таңдау тарихи қажеттіліктен туған болатын.

Бұл идея 1905 ж. 16 тамызда Төменгі Новгородта өткен Ресей мұсылмандарының бірінші Бүкілресейлік съезінде негізделді. Съезге Еділ бойы, Орал, Қырым, Кавказ, Қазақстаннан көрнекті қоғам қайраткерлері қатысты. Барлығы 150 адам жиналды. Съезд төрағасы болып жәдидшілдіктің белді идеологы И. Гаспринский сайланды. Съездің идеялық жетекшілері тарихшы және журналист Ю. Ақчура мен көрнекті әзірбайжан публицисі, адвокат Али-Мардан-бек Топчибашев (1862-1934 ж.) болып, хатшы қызметін қазақтың көрнекті қайраткері С.Ғ. Жантөрин атқарды. Съезд делегаттары «Иттифак-әл-муслимин» («Мұсылман одағы») партиясын құру туралы шешім қабылдады. Партияның мақсаты «заманауи орыс өмір салтының қоғамдық-мәдени, саяси қажеттіліктері мен міндеттеріне негізделген айырмашылығына қарамастан» Ресейдің бар мұсылмандарын біріктіру болды¹³⁰. Ресей мұсылмандарының бірінші съезі саяси түрікшілдіктің айқын белгілерін байқатты. Мұсылмандардың I съезінде «саяси, азаматтық және діни құқықтары жағынан мұсылмандардың орыс мемлекеті халқымен тең құқықтығы», мемлекеттің заңнамалық органдарына халық өкіл-

¹³⁰ Аршаруни А., Габидуллин З. Очерки панисламизма и пантюркизма в России. – М., 1931. – С. 38.

дерінің ерікті саяси бейнелеген басты зеге асыру үшін басқарылатын гу Бұл кезеңде «Иттылығымен жақынд жетекшілері П. М «Иттифак» жетек съезіне дайынды

Бес айдан соң мұсылмандардың ең генциясының Ресей сушы 100-ден аса Танашев, Шаймарі де болды. Съезд «Иттифак әл-мусли тұратын жарлығы Орал, Омбы, Қыз 16 қалада «Ресей шешілді. Съезд д бірігуді ұйғарып, тактикасын талқы

I Мемлекеттің Бұл ресейлік парламенті болды. Өйткені Ресей орталық билік органдарымен байланысты дамуы және түркі

Қазақстанда съездің ішінде қазақтардың «Үлкен және шағын билдірді, алдағы М татар, сарт пен қыр

Ресей империясының мұсылман фракциясының маңызды ықпал еткізген тарихта идеясын «Иттифак чибашев ұсынды¹³²

Дума жұмысының ірі қатысты, соның қазақ депутаттары

¹³¹ Бөксейханов Ә. Шығармалары. – Алматы, 1998. – С. 100.
¹³² Мусульманские депутаты в Государственной Думе. – Уфа, 1998. – С. 100.

дерінің ерікті сайлануы идеясы, делегаттардың жалпы саяси талаптарын бейнелеген басты құжат – резолюция қабылданды. Бұл саяси мақсатты жүзеге асыру үшін жергілікті жерлерде ресейлік мұсылмандар съездерімен басқарылатын губерниялық және облыстық мәжілістерді құру шешілді. Бұл кезеңде «Иттифак» жетекшілері орыс либералдық қозғалыс басшылығымен жақындасты. Конституциялық-демократиялық партия (кадеттер) жетекшілері П. Милуков, Ф.И. Родичев, П.П. Струве 1905 ж. желтоқсанда «Иттифак» жетекшілерінің жиналысына қатысып, онда партияның екінші съезіне дайындық мәселесі қаралды.

Бес айдан соң 1906 ж. 15-23 ақпанда Санкт-Петербургте өткізілген мұсылмандардың екінші Бүкілресейлік съезі түркі мұсылмандары интеллигенциясының Ресейдің саяси үрдісінде белсенділігін танытты. Съезге қатысушы 100-ден аса делегаттардың ішінде Сәлімгерей Жантөрин, Уәлитхан Танашев, Шаймардан Қосшығұлов сынды қазақ интеллигенциясы өкілдері де болды. Съезде Ресейдің түркі мұсылмандары құқықтарын қорғаушы «Иттифак әл-муслимун» («Мұсылман одағы») партиясының 23 тармақтан тұратын жарлығы қабылданды. Жарлық бойынша Орынбор, Астрахань, Орал, Омбы, Қызылжар, Семей, Верный, Ташкент және Ашғабат сияқты 16 қалада «Ресей мұсылмандары Одағы» партиясының филиалдарын ашу шешілді. Съезд делегаттары Конституциялық-демократиялық партиямен бірігуді ұйғарып, мұсылмандардың Мемлекеттік Думаға сайлау кезінде тактикасын талқылады.

I Мемлекеттік Думаға сайлау науқаны 1906 ж. наурызда басталды. Бұл ресейлік парламентаризмнің қалыптасуы тарихында елеулі оқиға болды. Өйткені Ресей империясының көпшілік халықтары алғаш рет елдің орталық билік органдарына өз өкілдерін сайлауға құқық алды. Сайлау үрдісімен байланысты аймақта қоғамдық-саяси және құқықтық ойдың белсенді дамуы және түркі тілдес халықтары саяси күштерінің бірігуі жүріп жатты.

Қазақстанда сайлау науқаны белсенді жүрді. Ә. Бөкейханұлының естелігінде қазақтардың 17 қазандағы манифесті қызу талқылағандары туралы: «Үлкен және шағын съездерге жаппай жиылып, манифест оқып, пікірлерін білдірді, алдағы Мемлекеттік Думаға сайлау мәселелерін талқылады. Орыс, татар, сарт пен қырғыздар ағайынды бір отбасы болып бірікті», – делінген¹³¹.

Ресей империясында I Мемлекеттік Думаның жұмысы үрдісінде мұсылман фракциясының құрылуы түркі тілдес интеллигенциясы бірігуіне маңызды ықпал етті. Бұл депутаттарды конфессиялық белгісі бойынша біріктірген тарихта алғаш партия болды. Жеке мұсылман фракциясын құру идеясын «Иттифак» идеологы, «Каспий» атты газетті шығарушы А.М. Топчибашев ұсынды¹³².

Дума жұмысына 22 депутат – Ресейдің түркі тілдес халықтары өкілдері қатысты, соның төртеуі Қазақстаннан барды. Дума жұмысына қатысқан қазақ депутаттары жоғары білімді болды. Олардың ішінде Қазан универ-

¹³¹ Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы, 1997. – 48 б.

¹³² Мусульманские депутаты Государственной Думы 1906-1917 гг.: сборник документов и материалов / сост. Л.А. Ямасва. – Уфа, 1998. – С. 276-313.

ситеті заң факультетінің түлегі Ахмет Бірімжанов (Торғай облысы), Петербург орман-техникалық институты экономика факультетінің түлегі Әлихан Бөкейханов (Семей облысы), Мәскеу университеті физика-математика факультетінің түлегі Сәлімгерей Жантөрин (Уфа губерниясы), Санкт-Петербург университеті шығыс факультетінің түлектері Алиысбай Қалменов (Орал облысы) пен Бақытгерей Құлманов (Ішкі Орда, Астрахань губерниясы); Шаймардан Қосшығұлов (Ақмола облысы) болды. I Мемлекеттік Дума депутаттары қазақ халқы интеллектуалды элитасының белді өкілдері еді, А. Бірімжанов – сот тергеушісі, Ақтөбе округі 2-учаскенің бітістіруші соты, С. Жантөрин бірнеше мәрте Белебеев уезі және Уфа губерниясы земствосы бойынша жаршы етіп сайланды, Белебеев уезінің бұрыпғы бітістіруші соты және Уфа губерниясы мекемесінің мүшесі.

1906 ж. 4 шілдеде Министрлер кеңесі төрағасының атына Думаның 53 депутаты қол қойған арнайы арыз хат жазылып, жіберілді. Хатта далалық облыстардың құнарлы жерлерінен қазақтарды күштеп ығыстырып, заңсыз түрде қоныстану мен саяжай жасау туралы мәселе қозғалды. Хатқа қол қойғандардың ішінде мұсылман депутаттары А. Бірімжанов, С. Жантөрин, И. Зиятханов, А. Хан-Эриванский, Т. Эльдарханов, А. Топчибашев, А. Кальменев, Ш. Сыртланов болды. Бірақ бұл сұраныс зерттеуші Л. Ямаева атап өткендей, орталық үкімет тарапынан қолдау таппай, Дума тараған соң мұрағат құжаты ретінде ғана сақталды.

Күн тәртібіндегі саяси және экономикалық мәселелерді шешу үшін I Мемлекеттік Думаның радикалды шаралар ұсынуы үкімет екеуінің арасында қайшылықтың тууына себепші болды. Нәтижесінде 1906 ж. 9 шілдеде II Николай қол қойған Думаны тарату туралы Манифест жариялады. Думаны таратуға қарсылық білдірген бұрынғы депутаттар «Халыққа халық өкілдерінен» үндеуін жазды. Ол тарихқа «Выборг үндеуі» деген атпен енді. Бұл үндеу Думаның екі отырысында дайындалып, халықты жаңа Думаның шақырылуына дейін әскери және салық міндеттемелеріне қарсы шығуға шақырды. Жаңа құжатты дайындауға 230 депутат қатысты, бірақ барлығы қол қоймады. Қол қойған депутаттардың ішінде алтауы мұсылман: С. Алкин, А. Ахтямов, Ә. Бөкейханұлы, С. Жантөрин, И. Зиятханов және А. Топчибашев¹³³.

Бірінші Дума тараған соң Ресей түркі мұсылман халықтарының алдағы әрекеттері мәселелерін талқылау қажеттігі туды. Осы орайда, 1906 жылғы 16-21 тамызда мұсылмандардың Үшінші Бүкілресейлік съезі өтті, оны ұйымдастырушылардың бірі Сәлімгерей Жантөрин болды. Төменгі Новгородқа съезге келген депутаттардың саны 800-ге жетті. Съезде партияны құрудың ұйымдастыру үрдісі толығымен аяқталды: Орталық комитет сайланды, партияның бағдарламасы бекітілді, маңызды саяси қаулылар мен резолюциялар қабылданды. Орталық комитет құрамына 15 адам енді, жәдидшілдік идеологтармен қатар мүшелігіне қазақ халқының өкілдері Сәлімгерей Жантөрин, Шаймардан Қосшығұлов сайланды. Сонымен бірге съезде

¹³³ Мусульманские депутаты Государственной Думы 1906-1917 гг.: сборник документов и материалов / сост. Л.А. Ямаева. – Уфа, 1998. – С. 11.

1907 ж. талқылан.

II Ме жетеуі қашығұлов (Бақытжанлысы).

II Ме деттерін аның мүд іс-әрекеті I Дума жұмысын аграрлық бостанды сияның м

Фрак ресейлік парламен сапарлар, жергілікт байланыс

Мұсы белсенді нияларын тарының ұсынған леповски теп, Дума қолданыс рігі жоқ жауап ре ның қон 130 000 п көшпенді отырықп гендігін қажеттіл бас тарт

II Ду же қабы міне қат күштер I Орта Аз Сайлау

1907 ж. қаңтар-ақпанда болған II Мемлекеттік Думаға сайлау негізі талқыланды.

II Мемлекеттік Думаға 36 мұсылман депутаты сайланды, олардың жетеуі қазақ болды: Ахмет Бірімжанов (Торғай облысы), Шаймардан Қосшығұлов (Ақмола облысы), Бақытгерей Құлманов (Астрахань губерниясы), Бақытжан Қаратаев (Орал облысы), Мұхаметжан Тынышбаев (Жетісу облысы).

II Мемлекеттік Дума мұсылман фракциясының негізгі саяси мақсат-міндеттерін айқындайтын бағдарламалары Ресей империясы мұсылман халқының мүддесін анықтайтын мәселелер бойынша жобалары болғандықтан іс-әрекеті неғұрлым ұйымдасқан әрі нәтижелі саналды. Сондықтан олар I Думамен салыстырғанда құрамына 22 депутатты біріктірген комиссия жұмысына барынша белсенді қатысты. Бақытжан Қаратаев бір уақытта аграрлық, келіп түсетін және жіберілетін құжаттарды тексеру, ар-ұждан бостандығы туралы заң жобаларын қарастыру сынды Думалық төрт комиссияның мүшесі болды.

Фракция мұсылмандардың ұлттық қозғалысын біріктіріп, оны жалпы-ресейлік азаттық демократиялық қозғалысына қосу үшін іс-әрекеттің парламенттік формасын (сайлаушылармен байланысты реттеу, ел ішіндегі сапарлар, депутаттардың сөйлеген сөздерінің стенограммаларын жариялау, жергілікті әкімшілік іс-әрекетін бақылау құқығы, басқа фракциялармен байланыс және ынтымақтастық) пайдаланды.

Мұсылман фракциясы депутаттары аграрлық мәселені талқылауда да белсенділік танытты. Қазақ депутаты Б. Қаратаев елдің орталық губернияларындағы аграрлық қоныстандыру мәселесін ұлттық шет аймақ халықтарының, әсіресе қазақтардың қарамағындағы жерлердің есебінен шешуді ұсынған ірі жер иеленушілерді сынға алды. Херсон ірі жер иесі С.И. Келлеповский әр қазақ отбасының иелігінде 500 десятина жер бар деп есептеп, Дума отырысында: «Біз бұл қырғыздарға (қазақтарға) оларға уақытша қолданысқа берілген жерді орыс халқына қайтаратын кез келді десек өтірігі жоқ және заңға қайшы емес», – деп мәлімдеді. Бұл мәлімдемеге қарсы жауап ретінде Б. Қаратаев сөйлеген сөзінде қазақ даласына орыс халқының қоныстану үрдісі барысында «Ресейдің өз ішінде помещиктік мүддені, 130 000 помещиктің мүддесін қорғау үшін» жергілікті билеушілер тарапынан көшпенді қазақтарды ғана емес, «құнарлы уездерде орныққандарды, оларды отырықшы жерлері – тұрғын жайлары мен ауылдарынан қууға» жол берілгендігін атап айтты. Қазақ халқы, – деп жазды ол, – «жерге мұқтаж шаруа қажеттілігін қанағаттандыру үшін жеке жер иеленуші жерлерінен күштеп бас тартқызу» ұстанымын қолдайды.

II Дума жұмысы барысында 1907 ж. 3 шілдеде сайлау туралы жаңа ереже қабылданды. Сайлау туралы жаңа заң сайлаушылардың билеуші режиміне қатысты қарсыластар санын қысқартуға және Думада консервативтік күштер ықпалын арттыруға мүмкіндік береді деп көзделді. Қазақстан мен Орта Азияның жергілікті халқы сайлау құқығынан айырылатын болды. Сайлау туралы жаңа заң аясында мұсылман сайлаушылары үшін Думаға

өз депутаттарын өткізу мүмкіндігі Ресей империясының үш мұсылман аймағында (Еділ-Орал, Кавказ, Қырым) сақталды. Жер иеленушілер, ауқатты қала тұрғындары, шаруалар сайлау құқығына ие болды. Бұл түзетулерде үкіметтің ресейлік мұсылмандардың саяси құқықтарын шектеуге бағытталған саясаты екені айқындалды.

Түркі тілдес халықтарда тарихи әдебиеттің, негізінен, қазақ ақыны және философы Ш. Құдайбердіұлының «Түркі, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» (Орынбор, 1911 ж.), татар зерттеушісі З. Валидидің «Түрік-татар тарихы» (Қазан, 1912 ж.) атты еңбектерінің жариялануы – ұлттық сана-сезімнің оянуының бір дәлелі. 1911-1914 жылдары Х.М. Атласовтың «История Сибири», «Казанское ханство», «Суюмбике» атты еңбектері жарияланды. 1911 ж. Орынбор Рухани жиналысының мүшесі Хасан Мухамедов «Түркі халықтарының тарихы» атты кітап шығарып, түрік сұлтанынан алтын сағат, асыл тастардан жасалған таспиқ пен мактау дипломын иеленді¹³⁴.

Қазақ халқын «ұйқыдан оятуда» маңызды рөл атқарған М. Дулатовтың 1910 жылы жазылған «Оян, қазақ» кітабы болды. Ол кейін цензуралық тыйым салынған «Каримов, Хусаинов и К.» баспасында шыққан¹³⁵.

Түркі тілдес халықтары арасында ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда Орынборда ірі татар алтын өнеркәсіп иелері Шәкір және Зәкір Рамеевтер шығарған «Вақыт» (1906-1917 ж.) газеті айтарлықтай рөл атқарды. Ол 5 мың данамен шығып, Ресейдің ғана емес, Түркияның мұсылман халқы бар қалаларына таралды¹³⁶.

1911 ж. 10 қаңтарда Троицк қаласында «Айқап» журналының алғашқы саны шықты. Редакторы Мұхамеджан Сералин (1872-1929 ж.), хатшысы өз мақалаларын «шала қазақ» бүркеншік атын жамылып жазған татар ақыны А. Галимов (1892-1913 ж.) болды. Журналдың шығуына қажетті қаржы шығындарын М. Сералинге ана жағынан туыс болып келген Троицк көпесі А.-В. Якушев көтерді. М. Сералин бала кезінен бойына қазақ және татар мәдениетін сіңіріп өскен¹³⁷.

Қазақ тілді әдебиеттерде сапалық өзгеріс тақырыптардың көп түрлілігі мен шығарылған кітап санының артуынан-ақ байқалды. 1910 жылы баспа ісі жөніндегі Қазан уақытша комитеті арқылы қазақ тілінде 25 кітап қаралған болса, 1911 жылы саны 80-ге жетті¹³⁸.

Қазақ тілінде басылымдар санының артуы, баспа ісі жөніндегі Қазан уақытша комитеті төрағасының пайымдауынша, «кездейсоқ құбылыс» емес еді. Ол «білімді қырғыздардың (қазақтардың) арасында мерзімді және мерзімді емес баспасозде және мектептерде өз әдеби тілін қалыптастыру ниетінің пайда болғанын»¹³⁹ және мұның жеке әдебиеттің дамуына мүмкіндік беретінін атап айтқан еді.

¹³⁴ Сайфи Фатых. Татары до Февральской революции. – Казань, 1930. – С. 44-45.

¹³⁵ ТР ҰМ. 420-қор. – 110-тізбе. – 27 парақша.

¹³⁶ Губайдуллин Г. Развитие исторической литературы у тюркско-татарских народов. – Баку, 1926. – С. 9.

¹³⁷ Зиманов С.З., Идрисов К.З. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина. – Алма-Ата, 1989.

¹³⁸ ТР ҰМ. 420-қор. – 1-тізбе. – 171-іс. – 80-арт. парақша.

¹³⁹ Каримуллин А. Книги и люди. – Казань, 1985. – С. 177.

¹⁴⁰ ОрОММ

¹⁴¹ Циничу

тельность м

региональн

¹⁴² Гаяз Исх

¹⁴³ Тоған За

национальн

Қаз
тері та
«Вакт»
білдірд
1915 ж
Редакто
«Ху
зін қала
теп пен
газет ш
Осв
лықтар
«Мұсыл
дана), 1
дана) құ
Пат
«панисл
сейге қа
мен күр
мыстық
меткерл
ламшыл
құрды.
бойынш
торы «п
Мұс
мына Со
қай, Қыр
Орынбор
Мұс
тың инт
куәгері,
ныс ауд
істерін б
Бюро жұ
рушылар
Бөкейха
нің студ
жасауға,

Қазақ халық әдебиетін, тілін, тарихын дамыту идеялары қазақ шәкірттері тарапынан көп қолдау тапты. «Ғалия» медресе шәкірттері 1916 ж. «Вакт» татар газетінде жариялаған «Ашық хатта» қазақ тілінде оқуға ниет білдірді. «Ғалия» медресе шәкірттері қазақ әдеби тілін дамыту мақсатында 1915 жылдан жұма сайын шығатын «Садақ» журналын ұйымдастырды. Редакторы Б. Майлин, кейін Ж. Тілепбергенов болды.

«Хусаиния» медресе шәкірттері қазақ тілін үйрену «Қоғамының» негізін қалады. Қоғам мақсаты қазақ халық ауыз әдебиеті мұрасын игеру, мектеп пен медресеге арнап қазақ тілінде оқулықтар құрастыру, алдағы уақытта газет шығарушыларға жәрдемдесу болды.

Осы уақытта жаңа әдісті медреселер мен мектептерге арналып оқулықтар мен оқу құралдарының, оның ішінде 1909 ж. Ш. Құдайбердіұлының «Мұсылман кітабы» (1 мың дана), А. Байтұрсыновтың «Әліпби» (5 мың дана), 1914 ж. М. Дулатұлының оқу құралы «Қирағат» кітабының (3 мың дана) құрастырылуы кездейсоқтық емес еді.

Патша үкіметі бұл мәдени-ағарту қозғалысына тосқауыл қою мақсатында «панисламшылдық» және «пантүрікшілдік» дегенді ойлап тауып, оның Ресейге қауіп-қатерін негіздеуге тырысты. «Исламшылдық қозғалыс» дегенмен күресу үшін губерниялық жандармерия «панисламшылдардың қылмыстық іс-әрекетін эшкерелейтін», негізінен, «мұсылман мектептері қызметкерлері мен дінбасыларының педагогикалық іс-әрекетін» және «панисламшылдық баспалардың» іс-әрекеттеріне тосқауыл қоятын құпия агенттік құрды. Мысалы, Орынбор жандармдық басқарманың 1912 ж. ақпаны бойынша «Вакыт» газеті губерниядағы исламшылдық орталығы, ал редакторы «панисламшылдықтың көрнекті қайраткері» саналды¹⁴⁰.

Мұсылман фракциясының төрағасы К. Тевкелевтің ұсынысымен құрамына Солтүстік Кавказдан А. Цаликов (төраға), Түркістаннан Мұстафа Шоқай, Қырымнан Исмаил Леманов (хатшы), Уфа губерниясынан А.З. Валиди, Орынбор губерниясынан А. Байтұрсынов кірген бюро құрылды¹⁴¹.

Мұсылман фракциясы қарамағындағы кеңесші бюро ұлттық қозғалыстың интеллектуалды өзегі және үйлестіру орталығына айналды. Оқиға куәгері, белгілі татар саясаткері және ғалымы, кейін Ресейден шетелге қоныс аударған Г. Исхаки «бұл көзге көрінбейтін, түркі-татарлардың ұлттық істерін басқарумен айналысатын ұлттық орталық» болғандығын жазған¹⁴². Бюро жұмысына қазақ қоғам қайраткерлері «Миллет» газетін ұйымдастырушылардың бірі, сол кезде Петербургте тұрған С.Г. Жантөрин, Әлихан Бөкейханұлы және Иса Қашқынбаев (Қазан университеті заң факультетінің студенті) қатысты¹⁴³. Кеңесуші бюро фракция ұсынған заң жобаларын жасауға, фракция мүшелерінің баяндамалары мен өтініштерін дайын-

¹⁴⁰ ОрОММ. – 10-қор. – 4-тізбе. – 10/9-іс. – 5 парақша.

¹⁴¹ Циинчук Р.А. Развитие политической жизни мусульманских народов Российской империи и деятельность мусульманской фракции в Государственной Думе России (1906-1917 гг.) // Имперский строй в региональном измерении. – М., 1997. – С. 213.

¹⁴² Гаяз Исхаки. Идель-Урал. – Казань, 1991. – С. 97.

¹⁴³ Тоған Заки Валиди. Воспоминания. Борьба мусульман Туркестана и других восточных тюрок за национальное существование и культуру. – М., 1997. – С. 40.

дауға қатысып қана қоймай, мұсылман фракциясының қалыптасқан саяси жағдайда тактикасын да талқылады.

Конфессиялық оқу орындарын жалпы білім беретін оқу орындары етіп қайта құру бағытында өріс алған қозғалыс және соған байланысты тіл, әдебиет пен мерзімді баспасөзді дамыту мәселелері Еділ-Орал және Батыс Қазақстанның түркі тілдес халықтарының интеллектуалды элита өкілдерінің өзара әрекет етуіне ықпалын тигізді. Олардың іс-әрекеттері мен өмір жолдары ұштасты. 1913 ж. алғашқы ұлттық «Қазақ» газетін шығаруды мақсат еткен «Азамат» серіктестігі келісімшартының «Каримов, Хусаинов и К.» баспасында басылуы соның дәлелі.

Сонымен, XX ғасыр басында қазақ халқы ұлттық қозғалысының екі кезеңін бөліп қарастыруға болады.

Бірінші кезең, 1890-1905 жылдары конфессиялық оқу орындарды жалпы білім беретін оқу орындары етіп қайта құру нистімен сипатталды. Бұл Қазақстан аумағында жаңа әдісті (жәдидтік) мектептердің ашылуынан байқалды. Осы мектептерде оқу-әдістемелік үрдіс түбірімен өзгеруі (әріп құрастырушылық әдістің орнын дыбыстық әдіс алмастырды, зайырлы пәндерді оқыту, сынып-сабақ жүйесі, мектеп жабдықтарын пайдалану) шәкірттердің білім мазмұнының өзгеруіне ықпал етті.

Екінші кезеңде 1905-1907 жылдары кадет негізінде «Иттифак әл-муслимин» партиясы құрылып, Мемлекеттік Думада жеке мұсылман фракциясы ұйымдастырылған кезде либералдық-демократиялық қозғалыстың негізін құраған мәдени-қайырымдылық қоғамдар мен ұлттық баспасөз пайда болды. Мұсылман қоғамдық-саяси қозғалысының либералдық сипаты оның құрамымен анықталды. Ол ұлттық интеллигенция өкілдері, либералдық бағыттағы дінбасылар мен жер иеленушілер тарапынан басқарылып, қолдауға ие болды.

Либералдардың саяси талаптары мен іс-әрекеттері (ұлттық білім беруді өзгерту, мұсылман діни істерін қайта ұйымдастыру, Ресей түркі-мұсылман және славян-христиан халықтарының азаматтық, саяси құқықтарының теңдігі) ұлттық қозғалыстың ұлттық-демократиялық кезеңіне сәйкес келді. Ортақ этникалық мүдде ұлттық сана-сезімнің пісіп-жетілуі мен «мәдени-ұлттық автономияны» құру идеясының негізделуіне өз ықпалын тигізді.

Бақылау сұрақтары:

1. XIX – XX ғ. басындағы ұлттық саяси элитаның қалыптасуының алғышарттарына талдау жасаңыз.
2. XX ғасыр басындағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстың жалпыресейлік мұсылман қозғалысымен саяси-идеялық байланысы туралы пікіріңіз.
3. XIX – XX ғасырларда жәдидшілдік ағартушылық-реформаторлық қозғалыстардың қызметін ашып көрсетіңіз.
4. XIX – XX ғасырларда түрікшілдік идеясының эволюциясы туралы не білесіз?
5. XX ғасыр басындағы баспасөз беттеріндегі қазақ зиялыларының ұлттық идея мәселесіне қатысты еңбектері туралы не білесіз?

болып таб
үкіметі құ
терінің па
көп жылд
1917

Думаның
келтіруді е
Уақытша
Уақытша
терін белг
Мемлекет
мен әскер
нің қара кү
жағдай ал
Мемлекет
тімен көзг
тағайында
көрсетілді.
т.б. істер б
ғын жария
ды; 4) елді
дей жабық
тоқтаусыз
жергілікті
тиялық нег

Патша
қуанышпен
туырлықты
қуаныш те
гіс жақсыл
сы қалың
жасады, ол
қоғамдық е
цензураны
пайдаланд
Уақыт
лерінің бір
наным-сен
іздегендері
қолдау көр

Пәнді оқыту студенттерге төмендегідей білім негіздерін, дағдыларды және бейімділікті беруі тиіс:

- тарихи эволюция заңдарын түсіндіру, тарихилық принцип негізінде өткенімізді талдау;
- жазбаша жұмыстарды (конспект, аннотация, реферат, баяндама, эссе) логикалық, ғылыми жүйелілік негізінде орындауға және оларды дұрыс рәсімдей білуге дағдылану;
- өзінің қорытындыларын саликалы да тиянақты негіздеу;
- семинарларға дайындалу барысында және өзіндік жұмыстарды орындауда қолда бар ғылыми әдебиетке өз бетінше сын көзбен талдау жасау;
- тарихи деректерді жіктеп, талдай білуге дағдылану;
- инновациялық оқыту әдістерін теориялық біліммен үйлестіре жақсы бағдарлауға дағдылану және оны ауызша жауап беруде пайдалану;
- тарихи білімнің теориялық, қолданбалы және бағалылық аспектілерін көрсету, оларды күнделікті, сондай-ақ кәсіби өмірде практикалық шешімдерді негіздеуде қолдану;
- ғылыми-анықтаушы аппаратты жасауға дағдылану;
- инновациялық технология негізінде оқытылатын семинар сабақтары барысында өз пікірін ауызша қысқа да нақты айта білу;
- нақты тақырып бойынша библиографиялық тізім жасау дағдыларын меңгеру.

«Қазақстан (Қазақ елі) тарихы» атты оқулықтың үшінші кітабының негізгі идеясы қазақ халқының кеңестік тоталитарлық жүйе тұсындағы әміршіл-әкімшіл жүйенің озбыр саясатының мәнін ашу мен зардаптарын талдауға және тәуелсіздік жылдары қол жеткен жетістіктеріне бүгінде студент дәрісханасында білім алып отырған, болашақ тарихшылардың көздерін ғылыми негіздеу тұрғысынан жеткізу.

Оқулықты жазу барысында авторлар ұжымы төмендегідей тақырыптар бойынша жұмыс істеді.

I бөлім 1-тарау – А.М. Абдильдабекова (§1, 3), С.К. Удербаева (§2, 4), С.К. Удербаева, К.Е. Абикенова (§5, 6); I бөлім 2-тарау – Г.С. Султанғалиева (§1, 4, 6); I бөлім 3-тарау – Л.М. Хасанаева (§2, 4); I бөлім 4-тарау – А.Т. Ахметжанова (§1, 4); I бөлім 5-тарау – Л.М. Хасанаева (§1, 3); Л.М. Хасанаева, С. Удербаева (§4), Г.С. Султанғалиева (§5); Т.Қ. Мекебаев (§6);

II бөлім, 1-тарау – М.Ж. Ташенев (§1, 2), Ж.Ж. Құмғанбаев (§3, 4), Ф.А. Қозыбақова (§5,7); II бөлім 2-тарау – К.Е. Абикенова (§1), Ф.А. Қозыбақова (§2), Т.О. Омарбеков, Ф.А. Қозыбақова (§3, 4), Т.О. Омарбеков (§5, 7), II бөлім 3-тарау – А.М. Уразбаева (§1), Т. Омарбеков, А.М. Уразбаева (§2), К.Е. Абикенова (§3, 4); II бөлім 4-тарау – Қ.С. Қаражан, З.Т. Садвокасова (§1-4); II бөлім 5-тарау – З.Т. Садвокасова (§1, 2), Т. Омарбеков (§3), Қ.С. Қаражан (§4); II бөлім 6-тарау – Қ.С. Қаражан (§1, 2).

Оқулық мазмұны мен сапасын арттыруға байланысты ұсыныстар мен пікірлер kazkaf@bk.ru электронды поштасы арқылы қабылданады.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	5
I бөлім. ДЕРБЕС ЕЛ БОЛУ ҮШІН КҮРЕС	9
I тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙГЕ БОДАН БОЛУ ҚАРСАҢЫНДА	10
§ 1. XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстандағы элеуметтік-экономикалық және ішкі саяси жағдай	10
§ 2. XVIII ғасырдың 30-50 жылдары Ресей империясының Қазақстанда жүргізген саясаты	16
§ 3. XVIII ғасырдың 40-80 жылдары. Қазақстан шекаралас аймақтармен қарым-қатынас жүйесінде	21
§ 4. XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Ресей үкіметінің саясаты	26
§ 5. Қазақтардың Е. Пугачев бастаған шаруалар соғысына қатысуы	31
§ 6. Сырым Датұлы бастаған Кіші жүздегі ұлт-азаттық көтеріліс (1783-1797 ж.)	34
II тарау. XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН	40
§ 1. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның ішкі саяси жағдайы	40
§ 2. Қазақстанда ресейлік әкімшілік-саяси жүйенің енгізілуі. Орта және Кіші жүзде хандық биліктің жойылуы	43
§ 3. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның элеуметтік-экономикалық жағдайы	47
§ 4. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Ресейдің Орта Азиядағы саясаты	53
§ 5. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы	60
§ 6. Қазақ жерлерін отарлаудың аяқталуы	80
III тарау. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ	92
§ 1. Көшпенді қазақ халқының рухани мәдениетінің ерекшеліктері	92
§ 2. Қазақстандағы ресейлік ғылыми мекемелер мен қоғамдардың қызметі	98
§ 3. Көшпенді қазақ халқының материалдық мәдениеті	103

IV тарау. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ	
ӘКІМШІЛІК-САЯСИ РЕФОРМАЛАРЫ	110
§ 1. Реформаның дайындалуы. Дала комиссиясы	110
§ 2. XIX ғасырдың 60-жылдарындағы әкімшілік реформалардың мазмұны	114
§ 3. 1886-1891 жылдардағы реформалардың дайындалуы	121
§ 4. XIX ғасырдың 80-90 жылдарындағы реформалардың мазмұны.....	125
V тарау. ОТАРЛАУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ	
ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ	
ӨЗГЕРІСТЕР	132
§ 1. Қазақстандағы қоныс аудару үдерісі	132
(XIX ғасырдың 60-90 жылдары – XX ғасыр басы)	
§ 2. Ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға қоныстануы: олардың көшірілуінің себептері мен шарттары.....	136
§ 3. XIX ғасырдың соңындағы Қазақстан тұрғындарының этнодемографиялық сипаты	142
§ 4. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс	150
§ 5. XX ғасыр басындағы Қазақстандағы ұлттық қозғалыс	164
§ 6. Ресейдегі 1917 жылғы ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірге әсері.....	173
II бөлім. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАН	181
I тарау. ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ ЖӘНЕ КЕҢЕС	
ҮКІМЕТІНІҢ ОРНАУЫ КЕЗЕҢІНДЕ	182
§ 1. Ресейдегі Қазан төңкерісі және оның Қазақстанның саяси өміріне ықпалы. Алаш партиясының демократиялық бағдарламаны жасауы	182
§ 2. Түркістан (Қоқан) автономиясының құрылуы және тұтас Түркістан идеясы	196
§ 3. Қазақстан азамат соғысы жылдарында (1918-1920 ж.)	201
§ 4. Қырғыз (Қазақ) АКСР-дың құрылуы	210
§ 5. «Соғыс коммунизм» саясаты және аштық.....	213
§ 6. Өлкедегі 1921-1922 жылдардағы жер-су реформасы	222
§ 7. Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат: оның жетістіктері мен қайшылықтары	228
II тарау. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘМІРШІЛ-ӘКІМШІЛ РЕФОРМАЛАР	
ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ САЛДАРЛАРЫ	236
§ 1. Қазақстан индустрияландыру жылдарында	236
§ 2. Қазақстан ұжымдастыру кезеңінде	249
§ 3. Бай қожалықтарын тәркілеу және оның саяси-экономикалық салдарлары	262
§ 4. Қазақстандағы ауқатты шаруа қожалығын жою.....	271
§ 5. Меншіктен айыруға және күштеп ұжымдастыруға қарсы халық наразылықтары.....	275
§ 6. Күштеп отырықшыландыру мен ұжымдастыру зардаптары	295
§ 7. Күштеп ұжымдастыру жылдарындағы Қазақстандағы аштық	311